

## ИНВЕСТИЦИЯ



### «KAZTALOV-INVEST» ФОРУМЫ: ЖАҢА ИДЕЯ МЕН ОРТАҚ БАСТАМАЛАР

3-бет

Казталов ауданы орталығындағы мәдениет үйінде «KAZTALOV-INVEST» I аудандық инвестициялық форум өтті.

## ТҰЛҒА



### ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИДІҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

4-5-бет

## ЕКІ ЖАҚСЫ



### «ҰРПАҒЫМ – ҰЙЫТҚЫМ, ОТБАСЫМ – ОРМАНЫМ»

12-бет

Олар 1960 жылдардың басында ауыл клубында би кешінде танысқан...

## КЕРУЕН САРАЙ



### «АҚ БИДАЙ – 2025»: БҚО КОМАНДАСЫ ҚОЛАҒА ИЕ БОЛДЫ

16-бет

Биыл «Ақ бидай» ауыл спорт ойындары Алматы облысының Талғар ауданында ұйымдастырылды.

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz

oral\_oniri@inbox.ru

www.facebook.com/zhaikpress

twitter.com/zhaikpress

www.instagram.com/zhaikpress



JAIYQ PRESS

# ORAL ÓÑIRI

6+

№77 (21470)

Сейсенбі,

23 қыркүйек 2025 жыл

# Анаға ТАҒЗЫМ



19 қыркүйек күні Орал шаһарындағы Салтанат сарайының алдында «Анаға тағзым» атты архитектуралық нысан ашылды.

Салтанатты іс-шарада Орал қалалық мәслихаттың төрағасы Есентай Қалиев, Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығының президенті, әлеуметтану ғылымдарының докторы Раушан Сәрсембаева және БҚО ҚХА жанындағы аналар кеңесінің төрайымы Шалқыма Құрманалина лебіз білдіріп, жиналған жұртшылықты құттықтады.

2023 жылы іскер әйелдер қауымдастығы өткізген «Еңбегі жанған арулар» атты форумда аталған қауымдастық төрайымы Жансұлу Төремұратова аналарға арналған ескерткіш тұрғызу жөнінде бастама көтерген. Аталмыш нысанның бой көтеруіне меценат, БҚО іскер әйелдер қауымдастығының белсенді мүшесі, Орал қалалық мәслихатының депутаты, «ДСК Приоритет» жол-құрылыс компаниясының директоры Жанна Кенжина қаржылай қолдау көрсетті. Жобаның жалпы құны – 50 млн теңге. Ауторы – астаналық сәулетші Нұржан Жексенбаев.

– Бүгін, міне, Конституцияның 30 жылдығы, «Іскер әйелдер қауымдастығы» үкіметтік емес ұйымының 30 жылдық мерейтойы және Қала күніне байланысты осындай керемет мүсінді тарту етіп отырмыз. Екі жылдық ізденіс пен еселі еңбектің нәтижесінде қаламыздың ең әсем жерінде ескерткіштің бой көтергеніне қуаныштымын. Бұл нысанды қоюдағы мақсатымыз – анаға тағзым ету, ана деген ұлы атты ұлықтап, оны қастерлеу. Осы бастамамыздың жүзеге асуына қол ұшын берген баршаңызға мың алғыс, – деді «БҚО бойынша іскер әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Жансұлу Төремұратова.

Ана қасиетін, ана құдіретін дәріптейтін ерекше ескерткіштің лентасын Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығының президенті Раушан Біргебайқызы мен аналар кеңесінің төрайымы Шалқыма Құрманалина қиды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Шын мәнінде, адам үшін анадан ұлы, анадан қымбат ешкім жоқ. Ең қастерлі ұғымдарымыз жер-ана, Отан-ана сөздерімен тығыз байланысты. «Ата ұлды, ана ұлтты тәрбиелейді» дейді. Бұл сөздің айрықша мән-маңызы бар» деп атап өткендей, бұл нысан барша ананың құрметіне қойылған. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеген асыл жандарға деген тағзымның көрінісі.

Рүстем АВДЕЕВ,  
«Орал өңірі»





## «Ел бірігіп еңбек етсе ғана ӨРКЕНДЕЙДІ»

Өткен аптада облыс әкімі Нариман Төреғалиев Ақжайық ауданына жұмыс сапарымен барып, Жайықтың жағасын жайлаған ауданның халқымен кездесті. Басқосу барысында өңір басшысы тұрғындарды толғандырған сауалдарға жауап беріп, мәселелерін білді.

Гүлжамал ЖОЛДЫҒАЛИ,  
«Орал өңірі»

Облыс басшысының сапары Коловертний ауылындағы «Ауыл. Шаңырақ» кооперативінің жұмысымен танысудан басталды. Аталмыш кооператив иелері «Ауыл аманаты» бағдарламасымен несие алып, кәсіп бастаған. Бірігіп техника алып, сүтті ірі қара өсіруді қолға алған. Тіпті арболит блоктары мен профлист шығаратын шағын цех ашып, аудан халқын құрылыс материалдарымен қамтуға маңызды қадам жасаған.

«Ауыл. Шаңырақ» кооперативінің төрағасы Тілекқабыл Шахметовтың айтуынша, олар өз жұмысын сауын сиырлар сатып алудан бастаған.

– Біздің кооперативке 25 адам тіркелген. Қазір солардың 15-і жұмыс жасауда. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша несие алып, бірінші сауын сиырлар алдық. Содан соң қажетті құралдар сатып алып, профлист, тақтай, арболит тас шығаратын цехты іске қостық. Аталмыш бағдарлама бойынша кооператив мүшелерінің бірі техника да сатып алды. Бүгінгі күнде мал шаруашылығында алты адам, цехта алты адам еңбек етуде. Шығарған өнімдерімізді жергілікті тұрғындарға сатамыз деген жоспарымыз бар, – дейді коопе-

ратив төрағасы Тілекқабыл Шахметов.

«Ел бірігіп еңбек етсе ғана өркендейді» деген облыс басшысы кәсібін енді жандандырып жатқан кәсіпкерлерге сәттілік тілеп, ризашылығын білдірді.

Иссапар аясында облыс әкімі Нариман Төреғалиев Мерген ауылына дейінгі құрылысы аяқталған кірме жолды көріп, ауыл тұрғындарымен кездесті. Бұл жол – бес шақырым ғана болғанымен, бүтін бір ауылдың тынысын ашқан маңызды күре жол. Бұрын шұрық-тесік, батпаққа айналған жол бүгінде тегіс асфальтпен көмкерілген. Бес шақырымдық жол елді мекеннің ішінен өтіп, «Орал-Атырау» тасжолына шығады.

Ақжайық аудандық ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы Айбек Замеровтың айтуынша, бүгінгі таңда аудандағы жолдардың тек шамамен 40%-ы ғана талапқа сай келеді. Бүгінде Жаңажол, Қамыстыкөл, Үштөбе, Томпақ, Тінәлі, Қабылқазак ауылдарындағы кіреберіс жолдарды жөндеуге жобалар дайындалуда. Жобалық-сметалық құжаттама әзірленген соң, қаржыландыру мәселесі шешіледі.

Мерген ауылында өткен Ақжайық ауданы тұрғындарымен кездесуде облыс әкімі өңірде атқарылып жатқан іргелі жұмыстар туралы атап өтті. Өз кезегінде аудан әкімі Мұрат Сердалин аудандағы әр-

әлеуметтік-экономикалық даму мен мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы жөнінде баяндама жасады. Аудан әкімінің айтуынша, ауданда малдың санына емес, сапасына сұраныс жылдан жылға артып келеді. Аудандағы 7 бордақылау алаңы жылына 11 мың басқа дейін мал бордақылауға қауқарлы. Жақын болашақта олардың саны онға жетіп, қуаттылығы 24 мың басқа дейін артып келеді. Бұл – тек ішкі нарықты ғана емес, экспортты да қамтуға мүмкіндік береді. Айта кетейік, биылдың өзінде Өзбекстан мен Тәжікстанға мал экспортталған.

Тұрғындармен кездесуде Ақжайық ауданында әлі күнге дейін ауыз су тапшылығына тап болып отырған ауылдардың бар екені ашық айтылды. Жазда құдық суы тартылып, кей ауылдарға су тасымалданып беріледі. Бұл – бүгінгі күннің ащы да болса шындығы. Осы түйткілді шешу үшін облыс, аудан әкімдігі тарапынан нақты жоспар жасалған. Бұл бағытта Қарауылтөбе, Тайпақ, Алғабас, Алмалы, Ілбішін, Бударин, Есенсай, Жаңабұлақ ауылдарында су желілері толықтай жаңартылмақ. Қазіргі күнде жобалар жасалып, қаржы бөлінген. Облыс әкімі Нариман Төреғалиев: «Су мәселесі – басты назарда. Ауылдағы әр-

бір отбасы таза ауыз суға қол жеткізуі тиіс. Бұл – мемлекеттің міндеті. Сондықтан ауыз су тасымалдап отырған ауылдар әрқазы біздің назарымызда. Бұл мәселенің шешімін табамыз», – деді.

Ақжайық ауданындағы мектепте 6325 оқушы білім алууда. 52 мектеп пен 41 балабақша жұмыс істейді. Мектептердегі күрделі жөндеу жұмыстары мен материалдық-техникалық әлеуетті жаңарту мәселелері кезең-кезеңімен шешілуде. Мәселен, Үштөбе ауылында жаңа модульдік мектептің құрылысы басталды. Бұл – ауыл балаларының сапалы білім алуына жол ашатын маңызды бастама. Жас мамандарды жұмысқа тарту, оларға үй беру, жалақыдан тыс қолдау – бүгінгі білім саласындағы басты бағыттардың бірі.


– Аудан орталығында жыл санап халық санының өсуіне байланысты мектеп жасындағы балалардың да саны артып, мектептердің үш ауысымға көшу мәселесі туындап отыр. Осыған орай Чапаев ауылынан жаңа білім ошағын салу қажеттілігі бар. Сонымен қатар осы сала бойынша тоқталып кететін тағы бір мәселе – шағын елді мекендердегі мектептердегі оқушы санының азаюы себебінен жабылып қалу қаупі туындады. Былтыр аудан бойынша мектептерде оқушы санының азаюы анықталған Ақбұлақ, Тінәлі, Битілеу және Сайқұдық ауылдарын «Қаладан ауылға» жобасына енгіздік. Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында аудан бюджеті қаражатымен Битілеу ауылында екі пәтерлік тұрғын үй салынса, Тінәлі ауылында екі тұрғын үй сатып алынды. Жоба аясында жалпы ауданға құрамында 32 адамы бар 5 отбасы көшіп келсе, соның 20-сы – мектеп жасындағы балалар. Ағымдағы жылы 14 елді мекен аталған жобаға енгізіліп, қазіргі таңда 5 елді мекенге 9 отбасы қоныс аударды, соның 21-і – мектеп жасындағы балалар. Бағдарлама аясында Сайқұдық ауылында 3 пәтерлі 1 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Қазан айында пайдалануға беріледі. Қоныс аударған отбасылар тұрғын үймен қамтылып, жұмысқа орналасу мәселесі өз шешімін тауып, жергілікті қожалық иелерінің демеушілігімен мал басымен қамтамасыз ету мәселесі де шешілуде. «Қаладан ауылға» бағдарламасы аясында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде аудан бойынша бірдебір мектептің жабылуына жол берілмеді, – деді аудан әкімі Мұрат Сердалин.

Жиында белгілі болғандай, ауданда медицина саласы да жіті назарда. Бірнеше ауылда медициналық пункттер салу және жаңғырту жұмыстары қолға алынуда. Жаңабұлақ, Бударин, Тайпақ, Қарауылтөбе, Жаңажол секілді ауылдарда тиісті жобалар дайын. Сонымен қатар дәрігер тапшылығы мәселесі де назардан тыс қалмады. Ауданға қажет дәрігер мамандар бойынша Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларындағы жоғары оқу орындарының басшылықтарымен келіссөздер жүргізіліп, нәтижесінде биыл 4 дәрігер қызметке орналасқан. Соның өзінде қазіргі таңда ауданда 11 дәрігер маманға қажеттілік бар.

Кездесу соңында облыс әкімі ел-жұрттың талап-тілегін тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап берді. Сұрақ-жауап кезінде тұрғындар жол, ауыз су мәселесін көтерді. Облыс басшысы барлық сұрақты мұқият тыңдап, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.



«Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысушы грант иегерлерінің көрмесі







# «KAZTALOV-INVEST» ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФОРУМЫ: жаңа идея мен ортақ бастамалар

Өткен бейсенбіде Казталов ауданы орталығындағы мәдениет үйінде «KAZTALOV-INVEST» I аудандық инвестициялық форум өтті. Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Тілепберген Каюпов, облыстық мемлекеттік құрылымдардың және кәсіпкерлікті дамыту институттарының өкілдері, аудандық мәслихат депутаттары, бөлім және мекеме басшылары, округ әкімдері, кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының жетекшілері, БАҚ өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Инвестиция тарту – орталық атқарушы органдардың ғана міндеті емес. Осы маңызды жұмысқа жергілікті билік те атсалысып, бәрі жұмыла жұмыс істеуге тиіс», – деп атап өткен еді. Бұл – біздің баршамызға үлкен жауапкершілік жүктейтін айқын бағдар. Өйткені инвестиция – тек қаржылық құйылым ғана емес, ол жаңа жұмыс орындары, заманауи технология, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының кепілі. Сондықтан инвестициялық форум – ауданымыздың әлеуетін танытып, жаңа серіктестіктерге жол ашатын, ортақ мақсатқа қол жеткізуге арналған тиімді алаң, – деді басқосуды ашқан аудан әкімі Асыланбек Сарқұлов.

Облыс әкімінің орынбасары Тілепберген Каюпов құттықтау сөзінде Президент Жолдауынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру мақсатында алғаш рет ұйымдастырылып отырған инвестициялық форумды облыс әкімдігі қолдайтынын, аудан әлеуетін танытатын жобаларды жүзеге асыруды, инвесторлармен тиімді әріптестік орнатуды көздейтін диалог алаңы екенін атап өтті. «Президент Жолдауында елімізде жаңа инвестиция кезеңі басталғаны айтылды. Енді негізгі басымдық өңдеу өнеркәсібін, жоғары технологияларды және жасыл экономиканы дамытуға берілмек. Осы бағытта облыс әкімдігі ауданмен бірлесе отырып, инвесторларға барлық жағдай жасауға дайын. Казталов ау-

даны – ауыл шаруашылығына қолайлы жері бар, еңбекқор халқы бар, табиғи мүмкіндігі мол өңір. Бұл әлеуетті дұрыс пайдалану арқылы біз ауданның да, облыстың да дамуына серпін бере аламыз. 2025 жылдың 8 ай қорытындысы бойынша негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 393,4 млрд теңгені құрап, 2024 жылғы сәйкес кезеңімен салыстырғанда (2024 жылдың 8 айы – 355,3 млрд теңге) 5,4%-ға артты. 2025-2029 жылдарға аудан бойынша агроөнеркәсіп кешен саласында және қызмет көрсету саласында жалпы құны 1,8 млрд теңгеге 9 жоба жүзеге асыру жоспарда бар, – деді Тілепберген Ерсайұлы.

## ӨНДЕУМЕН АЙНАЛЫСУ ӨЗЕКТІ

Инвестфорумда аудан әкімінің орынбасары Рашид Иманғалиев аудандағы кәсіпкерлік саласының дамуы туралы баяндады. Соңғы жылдары ауданда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны да, сапасы да өскен. 2025 жылдың 1 қыркүйегіне ауданда 1941 шағын және орта бизнес субъектісі тіркеліп, жұмыс істеуде. 2023-2024 жылдары «Ауыл аманаты» бағдарламасына аудандағы 16 ауылдық округ түгел қатысып, 774,5 млн теңгеге 123 өтініш тапсырып, несие алды. Осы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында несие алған 123 тұрғынның 100-і жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, 110 жаңа жұмыс орнын құрды. Бұл бағдарлама бойынша берілген несиелердің басым бөлігі мал шаруашылығын дамытуға бағытталған. Енді сол несие алушыларды өндірісті жолға қойып, өңдеумен айналысуға бағыттау жұмыс-

тары жүргізілуде. Қошанкөл ауылдық округінде қымыз, Көктерек ауылдық округінде шұбат, Қараоба ауылдық округінде шұжық өндірісі, Талдықұдық ауылдық округінде жылыжай шаруашылығы, Ақпәтер, Казталов ауылдық округтерінде екпе шөп өсіру кәсіптері қолға алынды. Биылғы жылы жалпы құны 507,1 млн теңгеге 79 жобаны жүзеге асыру жоспарланып, 51 адамды жұмыспен қамту көзделген.

Қазіргі кезде «Ақжайық» ӘКК» АҚ мекемесіне сомасы 39,8 млн теңге болатын екі жобаға өтінім тапсырылды. Оның біріншісі – Көктерек ауылдық округінен «Оразғали-Агро» АШӨК-тің «Меринос» асыл тұқымды қойын өсіру және бордақылау», екіншісі Бостандық ауылдық округінен Асылжан Тасболатовтың «Дәмханаға құрал-жабдық алу» жобалары. Сонымен қатар жалпы құны 42,8 млн теңге болатын бес жобаның құжаты тапсырылуға дайын. 2024-2025 жылдары 79 адамға өздерінің жаңа бизнес-идеяларын «жандандыруға» 109,3 млн теңге қаражат бөлініп, берілді. Бағдарламаға қатысушылардың басым бөлігі – жастар, көп балалы және табысы аз отбасылар, еңбек етуге қабілетті мүгедектері бар адамдар. Нәтижесінде жылыжай, наубайхана, кондитерлік, фастфуд және жартылай дайын өнімдер, құс шаруашылығы, монша, тігін қызметтері, ұлттық қолөнер, өрнекті сурет басу (шелкография), өрнектас дайындау, ағаштан жиһаз жасау, дәнекерлеу және темір бұйымдарын жасау бағытында өз кәсіптерін бастауға мүмкіндік берілді.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МЕЖЕ – 21 МЛРД ТЕҢГЕ

Биыл ауданда негізгі капиталға салынатын инвестициялар көлемін 21 млрд теңгеге жеткізу межеленді. Өткен қаңтар-шілде айларында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 14 млрд 796 млн теңгені, соның ішінде жеке инвестициялар 11 млрд 190 млн теңгені құрады. Ауыл, орман жә-

не балық шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 847 млн 860 мың теңге болды. Сонымен қатар 2025-2029 жылдары 1 млрд 473,4 млн теңгенің 18 инвестициялық жобасын жүзеге асыру жоспарланған. Осы жобалардың «жандануы» арқасында 62 адамды тұрақты жұмыспен, 8 адамды маусымдық жұмыспен қамтамасыз ету көзделген. Инвестициялық жобалардың ішінде құны 100 миллион теңгеден асатын 9 ірі жоба бар. Осы жобалардың жалпы құны – 1 млрд 210 млн теңге. Егер жоба-жоспар сәтті жүзеге асырылса, онда 28 тұрақты, 8 маусымдық жұмыс орны болады. «Аутокөлікке қызмет көрсету орны, қоғамдық монша», «Кафе» жобаларының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Аталған нысандар жыл соңына дейін іске қосылмақ. Одан бөлек 100 млн теңгеге дейінгі, яғни жалпы құны 263,4 млн теңге болатын 9 жоба қолға алынған. Жобалар жүзеге асырылғанда 34 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Олардың ішіндегі «Демалыс аймағына қонақүй салу», «Аутокөлік және кілем жуу орнын кеңейту», «Азамат» шағын маркеті, «Shanyaq»-кафе, наубайхана» инвестициялық жобалары жыл соңына дейін іске қосылады.

Аудан көлемінде кәсіпкерлікке қолайлы орта қалыптастыру, инвестициялық ахуалды жақсарту, жаңа жұмыс орындарын құру, кәсіпкерлік белсенділікті арттыру жұмыстары жүйелі жүргізіле бермек.

## 13 МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Форумда облыстық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы Нұржан Өтепбаев кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау, «АҚАЙЫҚ» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ басқарма төрағасы Ержан Досмақов ӘКК тарапынан кәсіпкерлерге берілетін қолдау шаралары, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ БҚО бойынша филиалының қаржылай қолдау бөлімінің менеджері Бағдат Өтебалиева аталған қор арқылы кәсіпкерлікті қолдау туралы баян етті. Одан басқа ағымдағы жылы шілденің 18-20-сы күндері аралығында Қытай Халық Республикасының Циндао қаласындағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының көрме аймағында аталған ұйымның халықаралық инвестициялық және сауда көрмесі өт-

кен еді. Осы көрмеге облыс делегациясы құрамында болып, тәжірибе алмасып қайтқан «СММ Бизнесстех» ЖШС директоры Жанаргүл Дүйсенова шағын және орта кәсіпкерлік саласын дамыту бағытында Қытай мемлекетімен кәсіпкерлік байланыс орнату, «Олжа Сервис» ЖШС директоры Ергазы Дүйсенов егістік алқаптарда биотыңайтқыштарды енгізу технологиясы тақырыбын қозғады. «Ер-Қожа» шаруа қожалығының жетекшісі, облыстық мәслихат депутаты Самат Хасанов Ақпәтер ауылдық округінде мал азығы қорын арттыру мақсатында екпелі шөп өсіру жұмыстары, жеке кәсіпкер Жанайдар Сағынғали нарық сұранысына сай өнім өндіру, кәсіпкер Манас Тоққожинов құс шаруашылығын дамыту туралы ой-пікірлерімен бөлісті.

Мемлекет басшысының отандық туризмді дамыту жөнінде нақты тапсырмалар бергені аян. Осы бағытта өңірімізде бірқатар ілімді істер баршылық. Соның айқын дәлелі – Сакрыл көлі жағасында демалыс аймағының құрылып, «Ақ көл» қонақүйінің бой көтеруі. Жиында жоба жетекшісінің бірі – жеке кәсіпкер Сұлтан Сартанов тәжірибе бөлісті. Саликалы басқосудың соңында ауданда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобаларды уақтылы әрі сапалы орындауды мақсат тұтқан округ әкімдері мен кәсіпкерлер арасында ынтымақтастық туралы 13 меморандумға (жалпы құны 1 миллиард 13 миллион 400 мың теңге) қол қойылды. Бұл жобалар алдағы уақытта ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, халқымыздың игілігіне қызмет етпек.

## КӨЛ ЖАҒАСЫНДАҒЫ САЛТАНАТ

Түс ауа облыс әкімінің орынбасары Тілепберген Каюпов, аудан әкімі Асыланбек Сарқұлов Жаңажол ауылдық округі Сакрыл көлінде «Ақкөл» қонақүйінің ашылу салтанатына қатысты.

Туған жерді түлету, отандық туризмді дамыту мақсатында «Сартаев» жеке кәсіпкерлігінің иесі Әлібек Сартановтың бастамасымен көл жағасында шағын қонақүй салынды. Қонақүй бес бөлмелі, орталықтандырылған ішкі кәріз және жылыту жүйелерімен қамтылған. Кәсіпкер өз қаражаты есебінен демалыс орны, қонақүй, газ өткізу құрылыс жұмысын жоспарлады. Жалпы құны 49 млн 900 мың теңгеге жоба жасалды. Құрылыс жұмыстары барысында екі балалар бассейні, екі монша, көл жағасында жағажай, киіз үйлер (5-6 киіз үй) мен сыртқы орынжайлар (топчан), катер, катамаран, су мотоциклдерін қою қарастырылған. Сонымен қатар су айдынында сазан өсіретін үш тоған жұмыс істеуде және арнайы айдында 10 тонна шабақ өсірілуде. Атаулы жұмыстарға 300 млн теңгеге жуық қаражат жұмсалды.

**Гүлбаршын  
ДЫБЫСҚАЛИҚЫЗЫ,  
«Орал өңірі»**





## • Қадыр Мырза Әлидің туғанына – 90 жыл

**Биыл ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның халық жазушысы, ақын Қадыр Мырза Әлидің туғанына 90 жыл толды. Соған орай Орал қаласында «Дәуір дарабозы» деген атаумен тағлымға толы біркүндік іс-шара өтті.**

**Нұрым ҒҰМАР,  
«Орал өңірі»**



Рафхат ХАЛЕЛОВ

Жиналған жұртшылық алдымен ҚР тұңғыш Президенті алаңындағы Қадыр Мырза Әлидің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ақын рухына тағзым етті. Гүл шоғын қою рәсіміне облыс әкімі Нариман Төреғалиев пен өңірдегі түрлі басқарманың басшылары, жергілікті ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, сондай-ақ ақынның туыстары қатысты. Ақынның жұбайы Салтанат Мырзалиева, қарындасы Күләш Мырзалиева, ұлы Ғазиз Қадырұлы, немерелері Айнамкөз бен Айсұлу Қадыровалар қазақтың маңдайына біткен азаматты еске алып жатқанына қуанып, Ақ Жайық жұртшылығына ризашылығын білдірді. Айта кетелік, ақынды еске алып, оның шығармалары мен әдеби мұрасын халыққа кеңінен насихаттауға арналған дүбірлі тойға өзге қалалардан да арнайылап қонақтар келді. Олардың ішінде белгілі жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Құлкенов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, ақын Ақұштап Бақтыгереева, ТМД Журналистер конфедерациясы сыйлығының лауреаты, публицист Қайнар Олжай бар. Өңір басшысы Нариман Төреғалиұлы ескерткіш алдында алғысөз айтып, Қадыр ақынның шығармалары жас ұрпаққа үлгі-өнеге екенін жеткізді.

– Қадыр Мырза Әли – түрлі тақырыпты шебер суреттеген біртуар ақын. Ұлы ақынның 90 жылдығын атап өту – өткенді еске алып қана қоймай, болашаққа сеніммен қараудың айғағы. Қадыр мұрасы мәңгілік, оның сөзі – ұрпақтан-ұрпаққа жететін асыл қазына, – деді облыс әкімі Нариман Төреғалиев.

Одан кейін сөз кезегі Ақ Жайықтың ақ шағаласы атанған ақын Ақұштап Бақтыгерееваға ұсынылды. Ол «Ұлт бар жерде ұлысы жоғалмайды» деген қанатты сөзді тілге тиек етіп, ақын мұрасы мәңгілік өшпейтінін, келер ұрпақтың аузында жүретінін айтты.

– Қасиетті Ақ Жайықтың топырағында өтіп жатқан Қадыр ағаның тойы құтты болсын! Қазақтың Қадыры «Абай екеуіміздің арамызда бала жоқ» дейтін. Өзінің халқын сонша махаббатпен жырлап, оның барлық қатесін, жетістігін, ерлігін, өрлігін жазып ақын енді ұмытылмайды. Көгілдір Ту мен егемен елді, әдебиетті қадір тұтар оқырман тұрғанда Қадыр ақынның тойы ғасырға жалғаса бермек, – деді ақын Ақұштап Бақтыгереева.

Іс-шара соңында шаһардағы Қадыр Мырза Әли атындағы

№47 мектептің 1-сынып оқушылары ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Содан соң меймандар Қадыр Мырза Әли атындағы мәдениет және өнер орталығының жанында құрылған киіз үйге бас сұқты. «Ақын ауылы» деп аталатын қара шаңырақта жергілікті өнерпаздар ән шырқап, Х. Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының әртістері көпшілікке қойылым ұсынды. Қазақы ою-өрнекпен әдіптелген киіз үй ішіне жазу үстелі, жарықшам мен қаламсап, кітаптар, өткен ғасырға тиесілі тарихи жәдігерлер қойылған. Қадыр Мырза Әлиді сомдаған актер Жамбыл Заев ақынның ой-толғаныста отырған кейпін суреттеді.

Ескерткішіне гүл шоғы қойылған соң «Дәуір дарабозының» тойы «Атамекен» өнер ордасындағы мерекелік концертке ұласты. Онда өңір басшысы Нариман Төреғалиұлы осы жылы Ақ Жайық атырабында мерейлі мерекелер қарсаңында мәдени-әдеби іс-шаралар көптеп өткенін айтты. Сонымен қатар Қадыр Мырза Әли атындағы мәдениет және өнер орталығының құрылғанына 10 жыл толғанынан да атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әдебиет – ойымыздың тереңдігі мен рухымыздың асқақтығын айқындайтын ұлы қазына. Оны заман талабына сай дамыту қаламгер қауымының ғана емес, мемлекетіміздің алдында тұрған маңызды міндеті» деп атап өткен болатын. Қазақ руханиятының қазынасына өлшеусіз үлес қосқан Қадыр ақынның жұлдызы уақыт өткен сайын жарқырай бермек. Бүгін ортамызға ақынның ардақты жары Салтанат Қадырқызы, ұлы Ғазиз бен немерелері келіп отыр. Сіздерге Ақ Жайық жұртының айтар алғысы мол. Ақынның мол мұрасы – халқымыздың сарқылмас байлығы. Қадыр Мырза Әлидің әр жылдары жарық көрген 18 томдық шығармалар жинағы оқыр-

ман жүрегінен орын тапты. Бүгін ақынның торқалы тоқсан жылдығына орай «Қадырдың қанатты сөздері», «Жүрегіме жеткен жыр» деп аталатын екі бірдей кітаптың тұсауы кесілмек. Осы қос кітаптың жарыққа шығуына демеушілік еткен белгілі меценат, «Қадыр Мырза Әли» қоғамдық қорының құрылтайшысы Құндыз Нуповқа алғыс білдіремін. Тағы бір қуанышты жаңалық бар. Бүгіннен бастап ресми түрде «Қадыр» ғылыми-қоғамдық журналы оқырманға жол тартпақшы. Бұл басылым Ақ Жайық топырағынан түлеген ақын-жазушылардың шығармаларын кеңінен насихаттайтын рухани жаршысы болатынына сенемін. Қадыр Мырза Әли – өлеңімен де, азаматтық болмысымен де тәуелсіздігіміздің іргесін қалап, ұлтымыздың рухын көтерген қайраткер. Бүгінде ақын есімі облысымыздағы үш білім ұясы, алты көше, бір шағынаудан, сонымен қатар облыстық мәдениет және өнер орталығына беріліп, ел құрметінің мәңгілік белгісіне айналды. Оған қоса, Ақ Жайықтың қос алыбы Қадыр Мырза Әли мен Қазақстанның халық әртісі, композитор Ескендір Хасанғалиевтің бірлескен «Атамекен» туындысының жарыққа шыққанына 55 жыл толды. Әттең тірі болғанда, Қадыр ағамыздың – 90, Ескендір атамыздың 85 жылдығын ел болып

бірге тойлар едік. Бірақ тағдырдың жазуына көнеміз. Оларды сағынышпен еске аламыз. Жыл басынан бері Қадыр Мырза Әлидің шығармашылығына арналған республика көлемінде 100-ге жуық іс-шара өтті. Ақынның 90 жылдығына орай мәдени кештер, алқалы жиындар әлі де жалғасуда, – деді өңір басшысы.

Нариман Төреғалиұлы Қадыр Мырза Әлидің жұбайы Салтанат Мырзалиеваға жылы лебізін жеткізіп, оған мерейтойлық төсбелгі табыс етіп, ұлттық шапан жауып, ақ орамал тарту етті. Салтанат Қадырқызы ақын туралы естеліктерін әңгімелеп, жиналған жұртшылыққа алғыс білдірді. Содан кейін облыс әкімі сүйіншілеген қос кітаптың лентасы қиылды. Нариман Төреғалиев пен Салтанат Мырзалиева «Қадырдың қанатты сөздері» кітабын, Ақұштап Бақтыгереева мен Құндыз Нупов «Жүрегіме жеткен жыр» кітабының лентасын қиды.

Мерекелік концерт барысында Қадыр Мырза Әлидің сөзіне жазылған әндер шырқалды. Сазды кеште Ғ. Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның әртістері мен облысқа белгілі әншілер өнер көрсетсе, Дәулеткерей атындағы қазақ халық оркестрі шырқалған әуендерге әр беріп, сүйемелдеді. Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, жа-

зушы Мереке Құлкенов жиын жайында пікір білдірді. «Биыл қазақтың үш ақынының туған күні. Ол – Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әли және Жүмекен Нәжімеденов. Осы үш ақынның қазақ әдебиеті мен поэзиясында өзіндік алар орны бар!» – деді Мереке Құлкенов.

Түстен кейін «Қадыр мұрасы – ұлттық баға жетпес рухани құндылық» деген атаумен республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Бұл алқалы басқосуды облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқмасының басшысы Қуанышбек Мұханғалиев жүргізді. Аталмыш отырысқа құрметті қонақтар – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Ақұштап Бақтыгереева, журналист, көсемсөз шебері Қайнар Олжай, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтайдың мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының БҚО бойынша өкілі, облыстық «Орал өңірі» газетінің бас редакторы Бауыржан Ғұбайдоллин, Қадыр Мырза Әли атындағы мәдениет және өнер орталығының директоры Дәулеткерей Құсайынов, профессорлар мен ғалымдар, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, студенттер қатысты. Белгілі публицист Қайнар Олжай өз баяндамасында Қадыр ақынның шығармашылығындағы шеберлік көпте кездесе бермейтінін айтты.

– Қадыр Мырза Әлидің «Домбыра» кітабы өте орнықты оймен, асқан тапқырлықпен қатталған. Жинақтың алдыңғы беті «Құлақ күйі» деген өлеңмен басталып, кейін түрлі бөлімдерге ойысады. Одан кейін «Үстіңгі шек» деген кітаптың бірінші бөлімі басталады. Онда адамгершілік, кісілік, өнер, достық тақырыбындағы тараулар бар. Сосын «Астыңғы шек» деп аталар екінші бөлімінде де барша құндылықты арқау етеді. Ең соңында «Тиек» деп аталатын қорытынды жазылған. Дәл осындай идеялық шеберлік көп ақында кездесе бермейді. Қадыр ақынның өлеңдерінен контрастарды (қарама-қайшылық) жиі байқаймыз. Яғни, бұл – әдебиеттегі бір-біріне қарсы екі түрлі ұғым арқылы өлең мағынасын ашу. Контрастты негізге алып өлең өру де оңай емес. Бірақ Фариза Оңғарсынова, Жарасқан Әбдірашев, Есенғали Раушанов секілді ақын шығармашылығынан да байқауға болады. Қадырды зерттейміз десек, ол туралы әлі де молынан зерттеу жүргізу қажет, – деді Қайнар Олжай.

Зерттеушілер мен ғалымдар баяндамасынан соң «Қадыр» ғылыми-практикалық журналының лентасы қиылды. Басқарма басшысы Қуанышбек Жанболатұлы осында айтылған тың ақпараттар мен зерттеулер журналдың алдағы сандарында жарық көретінін жеткізді. Одан кейін «Қадыр сарайда» әуезді кеш ұйымдастырылды. Кеш барысында Қадыр Мырза Әлидің мол мұрасын насихаттауға сүбелі үлес қосқан азаматтар мерейтойлық медальдарға ие болды.



«Дәуір дарабозы»:

ҚАДЫРҒА ҚҰРМЕТ







# Жымпитыдағы шайыр жаңғырығы

**Сырым ауданында Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Тарлан» сыйлығының иегері, ақын Қадыр Мырза Әлидің 90 жылдығына арналған мәдени-көпшілік іс-шаралар өтті.**



зақстан Жазушылар одағының Ақтөбе облысындағы филиалының төрағасы Бауыржан Құрманқұлов сөз сөйледі. Қабырғадағы сурет те сөйлеп тұр.

«Уақыт қымбат, соны ұққандар бақытты, «Әр сәтінді қадірле» деп оқытты. Біздер болсақ үлкеніміз-кішіміз, Оңды-солды шашып жүрміз уақытты!» – дегені оқушыларға ғана емес, ересектерге де ой салары сөзсіз.

## НЕБІР ТҰЛПАР ЖӘНЕ ТЕМІР ТҰЛПАР

Қадырды қадірлеуге арналған мәдени-көпшілік шаралар тойтөбенің басында жалғасты.

«Қайда, қайда жаны жылқы құмарлар, Қайда, қайда сәйгүлікпен сыңарлар? Жиналыңдар бәйгетөбе басына,

Шаң көтеріп бара жатыр құнандар!» – деп комментатор Бауыржан Ширмединұлының даусы саңқ-саңқ етті. Елдің есі бәйге шеңберіне ауды. Бағдарлама бойынша жүйрік тізгіндеген шабандоздар құнан жарысы, топ бәйге және аламан бәйге жейделерін киіп, үш топқа бөлінген. Шілде жемнен шыққанына көп уақыт өтпесе де, жілік майы тоқ сәйгүліктер иелерінің үмітін шабандозбен қоса арқалай қосылды майданға. Төрешілердің пәрменімен бірінші болып сөре сызығына құнандар жиналды. Бұл саптың қатарын алыс-жақын аудандарды айтпағанда, Атырау, Ақтөбе облысының бәйге аттары да толықтырды. Ауыздық шайнап, қамыс құлағын қайшылаған майда жалдылар «әне-міне» дегенше ала шаңды аспанға көтерді. Қараша қаздай тізіліп, тоғыз шақырымдық бәйге жолына тізгін босатқан құнандар мәре сызығына да жақындады. Халықтың куәгерлігімен ІІІ орын көздіғаралық Серік Мүтиевтің Абаданына, ІІ орын Атырау қаласынан келген Аманкелді Бисеновтің Айхайына, І орын Ешев Болат мырзаның аты Ханымына бұйырды.

Халық назары суып үлгермей, топ бәйгенің тарландары да көз алдымызға келді. Бас-

аяғы 27 ат тіркелген 18 шақырымдық бәйге жолына Алматы, Ақтөбе, Атырау облыстарының үкілеген үміттері келіп бақ сынады. Жымпитының іргесін дүбірге бөлеген арғымақтар ішінен Алатаудың бөктерінен келген үш дарабоз суырылып шыға келді. Ішінде Сырым ауданының өз баласы, республикалық деңгейдегі шабандоз, бұлдыртылық Мерей батыр да бар. Мерей иесі Са-

ның елінен келген Мадияр Құрманғалидың Ақжайық есімді сәйгүлігі иеленді. Осылайша, бас бәйге Маңғыстауға бұйырды. Бұдан он жыл бұрын берілген аста да, Көмекбай Махамбетов баптаған жүйрік таңдай қақтырып, Қадыр Мырза Әлидің 80 жылдығына тігілген бәйгені олжалаған болатын.

Бәйгетөбенің жанында балуандар күресіп, білекті де белді жігіттер арқан тартысып жатты. Түйе балуан атанған сырымдық Нұрымжан Ғаббасов шаруашылықтар тіккен түйе малын ұтып алды. Арқан тартыстан оралдықтарға тең келер ешкім болмады.

## «ҚАДЫР – АДАМ» РЕКВИЕМІ

Сырым елі қыркүйектің 20-сы күні Х. Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының ұжымы Жымпиты аудандық мәдениет үйінде «ҚАДЫР – АДАМ» атты драма-реквиемнің премьерасын сахналады. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург Нартай Сауданбекұлының қаламынан туған бұл туынды көрермен жүрегін тебіртті. Қойылымға пьеса ауторының өзі қатысып, ел-жұртымен бір-



парғали Сәтпаевтың Байқоңыр атты пырағымен мәре сызығын бірінші болып кесіп, Қадыр ақынның 90 жылдық тойына ерекше шашу шашты. Бапкері – Жамбыл Бөбекбай. Кезегінше екінші және үшінші орын Мұрат Қозыбаев мырзаның Жетісу, Қарқара есімді арғымақтарына бұйырды.

Ендігі рет халық күткен бәйге аламанда. Аутокөлік кімге бұйырады. Иесін күткен ақ Chery Tiggo қай бағытқа бет алмақ? Небір тұлпардың қайсысы темір тұлпарға жетеді?! Кику салған көрерменнің шуылына қаны қызып, сауырынына қонған шіркейдің өзін салмақ көрген аламан бәйгенің жүйріктері ішінен мәре сызығын Маңғыстаудың Расул шабандоз тізгіндеген Айтулы есімді торы шағыры кесті. Елге келген қонаққа жол берген Серік Мүтиев қосқан, Құбай-долла атбегінің бабын көрген Мадам Сюзий екінші болып келсе, үшінші орынды Жұбан-

ге Қадыр рухына тағзым етті. Шығарманы театрдың бас режиссері, өнертану магистрі Алмат Шаринов сахналады. Бір сағат жиырма минутқа созылған қойылымда ана қадірі, адамдық болмыс, ақындық мұң мен шығармашылық қасирет, жоғалтқанды жоқтау, рухани ізденіс пен өшпес мұра тақырыптары тоғысты. Пәлсапаға тұнып тұрған драма көптің көңілінен орын тапты. Премьерада Қадырды көз алдымызда тірілткен әртіс – «Мәдениет майталманы» медалінің иегері Жамбыл Зайып.

Қойылым ақынның жүрегі сыр беріп, жансақтау бөліміндегі ауыр сәтінен басталды. Сахнадағы әрбір эпизод Қадыр Мырза Әлидің тағдыры мен тағылымын, қуанышы мен қасиретін айнадай ашып көрсетті. Бір сәтте ол мектепке барып, жас ұрпақпен жүздеседі, оқушылардың сауалына жауап береді. Ақын Мұқағали жайлы ойын айтқанда, «Мұқағали ме-

нен өліммен озды» деген сөзі залды үнсіз қалдырды. Дегенмен сұхбат алушының «Мені әкем, анам неге тастап кетті?» деген сұрағы Қадырдың жүрегіне жүк болып, кенеттен ұстап қалғандай әсер берді. Бұл сахна көрермен көңілін қысып, жүрекке ауыр ой салды.

Қойылым аяқталған соң, Сырым ауданының әкімі Жұмакелді Батыр尼亚зовтың атынан театр ұжымына ықылас гүлі ұсынылды. Аудан басшысы қойылым ауторы Нартай Сауданбекұлына және режиссері Алмат Шариповке, Қадырды сомдаған Жамбыл Зайыпқа, Х. Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының басшысы Нұржан Тасболатовқа елдің атынан құрмет көрсетті. БҚО мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасының басшысы Қуанышбек Мұқанғалиев бірқатар азаматқа Қадыр Мырза Әлидің 90 жылдығына арналған мерекелік медаль мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жарыққа шыққан «Қадыр» ғылыми-қоғамдық журналын табыс етті.

## «ДОМБЫРА» ОТАУЫ, «АЛАҚАН» ШАҢЫРАҒЫ

Қадыр ақынның 90 жылдық тойына орай 24 отау тігілді. Қадыр ауылына облыс көлемінен келген 10 аудан, ауданымыздың 11 ауылдық округі орда тікті. Бас отауды аудандық білім беру бөлімі құрды. Тойтөбенің еңсесін көтеріп тұрған ақ отауларға ақынның «Жерұйық», «Домбыра», «Көш», «Алақан», «Ой орманы», «Қорамсақ», «Ақ отау», «Дала дидары», «Мәңгі майдан», «Көкейкесті», «Биік баспалдақ», «Қызыл кітап» атты кітаптарының аты берілді.

Қонақтар әр отаудан дәм татып, Қадырдың кітаптарымен, тарихи суреттерімен, сонымен қоса қазақ ауылының байырғы тұрмыс-тіршілігімен танысты. Келген меймандарға бас киіз үйден ас берілді. Белгілі журналист, өлкетанушы, «Egemen Qazaqstan» газетінің өңірдегі меншікті тілшісі Қазыбек Құттымұратұлы әрбір боз үйге ақын кітаптарының атауы таңылуы – Қадырдың шығармашылығын насихаттаудың тың әрі тәлімді әдісі деп атап өтті.

Мерейтойлық іс-шарада Сырым, Қаратөбе, Бөрлі аудандары әншілерінің әсем әуені көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Қазақ эстрадасының танымал жұлдыздары Еркебұлан Құмар мен Әлішер Қонысбаев та қатысып, кешті әндерімен әрлей түсті. Жымпитыға келген меймандар «Атамекен» әніне ұйып, жүректерін «ұстап» тұрды. Қазақстан Жазушылар одағының басшысы Мереке Құлкенов дұрыс айтты: «Бұл жақтағы әр қазақтың жүрегінде кішкентай Қадыр бар екен. Бүгін сол «Қадырлар» оянды».

**Қоңдыкер ЕЛЕУОВ,  
Шынар МОЛДАНИЯЗОВА,  
Сырым ауданы**





# Журналистер тынымбағы қайта жаңғырды

Өткен сенбіде Орал қаласында қайта жөндеуден өткен Журналистер тынымбағының ашылу салтанаты өтті.



Аталмыш іс-шараға облыс әкімі Нариман Төреғалиев, шаһар басшысы Мұрат Байменов, түрлі басқарманың басшылары мен сала ардагерлері қатысты. Бұл тынымбақта Ұлы Отан соғысына қатысқан өңір журналистеріне арналған ескерткіш белгі қойылған. Өңірімізден Жұбан Молдағалиев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Абдолла Жұмағалиев сынды елге белгілі ақын-журналистер ақпарат саласында қызмет етіп жүргенде майданға аттанған. Жиналған қауым алдымен жеңіс жолында қаза болған журналистерді бір минуттық үнсіздікпен еске алып, ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Өңір басшысы Нариман Төреғалиев пен Орал қаласының әкімі Мұрат Байменов, ақын, Қазақстан Жазушылар ода-



ғының мүшесі Дариға Мұштанова мен тележурналистика саласының ардагері Сара Нәбиулинаға гүл қою ұсынылды.

Айта кетелік, бұл тынымбақ осыдан 15 жыл бұрын ашылған еді. Осылайша, қаламыздағы Н. Назарбаев даңғылы мен Сарайшық көшесінің қиылысындағы тынымбақ заман талабына сай жаңғыртылып, халық игілігіне беріліп отыр. Жөндеу жұмыстары аясында 2300 шаршы метр аумаққа көгал егіліп, 3200 шаршы метр жерге өр-

нектас төселген. Отырғыштар мен қоқыс жәшіктері орнатылған. Субұрқақ пен балалар ойын алаңқайы да бар. Сондай-ақ тынымбақта 50 түп тал-терек отырғызылған.

Іс-шара соңында «Достық» балалар аула клубының тәрбиеленушісі Альбина Талапова Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын!» поэмасынан үзінді оқыды. Кейін жиын қатысушылары тынымбақты аралап, серуендеді.

Ақжайық телеарнасы

## «Еңбегі жанған арулар»

Қала күні қарсаңында Жастар мәдениет сарайында «Еңбегі жанған арулар» атты форум өтті. «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған басқосуға бизнесте бағы жанған арулар, іскер қыз-келіншектер қатысты.

Пленарлық мәжілісті БҚО іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы, облыс әкімінің гендерлік саясат жөніндегі қоғамдық кеңесшісі Жансұлу Төремұратова жүргізді. Форумға Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығының президенті Раушан Сәрсембаева, ҚР Президенті жанындағы әйелдер және отбасы-демографиялық комиссия төрағасының орынбасары Елена Тарасенко, БҚО ҚХА аналар кеңесінің төрайымы Шалқыма Құрманалина және өзге де қоғам қайраткерлері қатысты.

Форумда төрт панельдік сессия өтті. «Менің еңбек жолым – менің жетістігім» сессиясында кәсіпкер әйелдер мен шығармашыл тұлғалар тәжірибелерімен бөлісті. «Ауылдың ақжаулықты іскер аналары» тақырыбында аудан-ауылдан келген іскер аналар сөз сөйледі. «Мен көшбасшы» сессиясында мемлекеттік қызмет пен бизнестегі жас көшбасшылардың ой-пікірлері тыңдалды. «Ана болу – еңбек» бөлімінде көпбалалы аналарды марапаттау рәсімі өтті.

Бүгінгі форумға еліміздің түкпір-түкпірінен ғана емес, Ресейден де бизнесте жүрген қыз-келіншектер келіп отыр. Бұл – тәжірибе алмасуға, жа-

на мүмкіндіктерге жол ашатын үлкен басқосу. Біз мақсатты түрде тек кәсіпкер әйелдерді ғана емес, түрлі салада еңбек етіп жүрген барша нәзікжандыны қолдауды көздейміз. Өйткені әйел – үйдің де, түздің де шырайын кіргізетін күш. Олардың еңбегін бағалап, қоғамға кеңінен таныту – әріміздің міндетіміз, – деді Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығының президенті Раушан Сәрсембаева.

Форум аясында іскер қыз-келіншектердің қолөнер және кәсіпкерлік жәрмеңкесі де ұйымдастырылды. Мұнда тамақ өндірісі, тоқыма, тігін, баспа ісі, жол құрылысы және өзге де салаларды ұршықша иірген қыз-келіншектер өз өнімдерін ұсынды.

– Мен «ДСҚ Приоритет» жол-құрылыс компаниясының басшысымын. Компаниямыз 2008 жылы құрылып, содан бері қалалық, облыстық, республикалық маңызды жобаларды жүзеге асырып жүр. Қазіргі таңда бізде 100-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал құрылыс маусымында жұмысшылар саны одан да артады. Компаниямызға тие-

сілі екі асфальтты бетон зауыты, 120-дан астам арнайы техника және үлкен зертхана бар. Бүгінгі көрмеге жол жөндеу, жол салу құрылысына қажетті шикізаттарды әкеліп отырмыз. Бұл жерде зауыттың, техниканың кішірейтілген макеттері бар. Сондай-ақ төселген асфальттан кесіліп алынған үлгіні де көруге болады, – дейді аталмыш компанияның басшысы Жанна Кенжина.

Көрме-жәрмеңкеде ұлттық өнерді дәріптеп жүрген шеберлер де өз жұмысын таныстырды.

– Ұлттық өнер галереясы «WomenArtДизайн» 2000 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Біздің ұжымның жұмыстарын Қазақстан, Еуропа, Азия, АҚШ-тың елшіліктерінен кездестіруге болады. Біздің туындылар көптеген мемлекеттердің көшбасшыларының бөлмесін безендіріп тұр. Картиналар табиғи былғарыдан, киіз және иірімжіптерден өзіндік технология бо-



йынша ең жақсы шеберлердің қолынан шыққан. Мысалы, Орал қаласының елтаңбасын 2003 жылы біз жасағанбыз. Ең үлкен жетістіктеріміздің бірі деп 2012 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев біздің «Тұмар» атты туындымызды сол кездегі АҚШ Президенті Барак Обамаға сыйға тартқанын атауға болады. Әр композицияның артында түсініктемесі мен мағынасы жазылған. Біздің мақсатымыз – халқымыздың тарихын, дәстүрін әлем елдеріне дәріптеу, – дейді аталмыш серіктестіктің құрылтайшысы Марина Еремекқалиева.

Жәрмеңке барысында білім беру саласына арналған ерекше жобалар да көпшілік назарына ұсынылды.

– Біздің бүгінгі көрмеге әкелген туындымыз – «Баланың ойлау қабілетін сөздік

қор арқылы дамыту» атты оқу құралы. Балалардың ой-өрісін, танымын, сөздік қорын қалыптастыру, ойын арқылы ерте жастан дамыту бағытында дайындалған. Бұл – төрт аутордың, яғни инклюзивті білім беру бағытында жұмыс істеп жүрген логопед, дефектолог мамандардың біріккен жобасы. Оқулық мектепке дейінгі ұйымның мамандарына, ата-аналарға арналған. Жоспары, бағыты, бағдары көрсетілген. Бүгін тұсауы кесіліп отыр, – дейді ауторлардың бірі Мәриям Қожжанова.

Көрме-жәрмеңке барысында өңірдің жас кәсіпкерлері өз тәжірибелерімен бөлісіп, өнімдерін таныстырды. Ал келген жұртшылық олардың қолөнер туындыларын тамашалап қана қоймай, сатып алу мүмкіндігіне ие болды.

Нұрым ҚАЙЫРБОЛАТҰЛЫ, Жанерке МЕРЕКЕҚЫЗЫ,  
«Орал өңірі»





тармен шектелмей, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа да шетелдердегі қазақтарды да шақыру жоспарда бар. Биыл келген топтың дені – мәдениет саласының өкілдері. Олардың көпшілігі ауылдық клубтар мен мәдениет үйлерінде қызмет етеді. Жалпы 20-дан аса адам келді. Осында өткізген уақыт ішінде олар хореография, вокал, ұлттық аспапта ойнау бойынша шеберлік сабақтарына қатысып, қазақ тілін үйрету әдістемесі мен тіл тарихы туралы дәрістер тыңдады. Сонымен бірге ұлттық салт-дәстүрлер мен жоралғыларды зерделеп, қол-өнерден киіз басу, құрақ құрау, тұмар жасау сынды өнердің қыр-сырына қанықты, – деді «Ғылыми зерттеулерді қолдау қорының» атқарушы директоры, облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының тапсырысымен жобаны ұйымдастырушы Айболат Құрымбаев (**суретте**).

Ұлттық құндылықтың тамыры – тіл мен дәстүрде. Оны алыста жүрсе де, сана-сынан шығармай, ұрпаққа



аманат ету – нағыз елжандылықтың көрінісі. Ресейдің Самара облысында тұратын қандасымыз Айгүл Жәлелова (**төменгі суретте**) – осының жарқын мысалы. Ол туған жерінен жырақта жүріп-ақ қазақ мәдениетін дәріптеп, жас буынға ұлттық тәрбие беруді басты мұрат еткен. Біз «Алтын көпір» жобасы аясында Оралға келген Айгүл апаймен тілдесіп, алыстағы ағайынның сағынышы мен сарқылмас жігеріне тағы бір мәрте куә болдық.

– «Алтын көпірге» соңғы үш-төрт жыл қатарынан келіп жүрміз. Осы уақыт ішінде түрлі ауданды аралап, қазақтың сан алуан салт-дәстүрімен етене таныстық. Батыстың маржаны – Шалқар көлін де көзбен көрдік. Биылғы жиында түрлі бағыттағы шеберлік сағаттарына қатысып, көп нәрсе үйрендік. Бұрыннан киіз басуды арман ететінмін, енді, міне, өз көзіммен көріп, қолыммен ұстап көрудің сәті түсті. Бұл – мен үшін ерекше тәжірибе. Бүгін, мәселен, өз руымыздың таңбасы бейнеленген тұмар жасадық. Мен Самара қаласындағы «Ақбұлақ» атты қазақ демалыс мектебінің меңгерушісімін. 1-11-сынып аралығында 50 шақты оқушымыз бар. Мұнда көріп-білгенімді, үйренгенімді сол балаларға жеткізуді парыз санаймын. Осында келген сайын жаңа ақпараттармен қанығып қайтамыз. Мәселен, тұсау кесу рәсімін бүге-шүгесіне дейін үйрендік. Біз бұрын тұсауды баланың алдынан кесіп жүрсек, шын мәнінде, оны артынан кесу керек екенін білмеппіз. Осындай ұсақ дүниенің өзі үлкен мән-

ге ие екен. Негізі мен осы Батыс өңірінің тумасымын, осында білім алып, оқуымды тәмамдадым. 1999 жылы қызмет бабымен Самара қаласына қоныс аудардық. Содан бері сол жақта қазақ мәдениетін насихаттап жүрміз. «Қазахи Самары» деген мәдениет орталығымыз бар, жолдасым сол орталықта басшы, мен орынбасары болып қызмет етемін. Үйде балаларымызбен міндетті түрде қазақша сөйлесеміз. Қыздарыма үнемі «Қазақтың ұлдарына тұрмысқа шығындар» деп айтып отырамын. Өйткені біздің басты мақсатымыз – ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрімізді сақтап қалу. Осы жолы да екі студент қызымды ертіп келдім. Тілін, тарихын білетін жігітке тұрмысқа шығындар деп үнемі құлақтарына құямын. Алыста жүрген соң ба, қазаққа деген жүрек қашанда бір бөлек елжіреп тұрады. Қазақстанда тұрып, қазақша білсе де, сөйлемейтіндерді көргенде, шынын айтсам, таңғаламын. Мұнда қазақша балабақша да, мектеп те, жоғары оқу орны да бар, барлық жағдай жасалған. Ал біздің жақта мұның бәрі қиынырақ. Сондықтан онлайн курстарға қатысамыз, бірақ қарапайым қазақша сайттардың өзі біз үшін қолжетімсіз. Осындай жобалардың ұйымдастырылуы – бізге үлкен демеу. Жан-жақтан жиналған диаспора өкілдерімен танысып, ой бөлісу рухани байлыққа бастайды, – дейді Самара облысынан келген Айгүл Нариманқызы.

Батыс өлкесінде өткен «Алтын көпір» жобасы адам жанына рухани қуат сыйлайтындай. Қатысушылардың әрқайсысы қазақтың дәстүрдің мәні мен мағынасын тереңірек сезінуге мүмкіндік алды. Жоба аясында өткен шеберлік сағаттарының ішінде ерекше қызығушылық тудырған бағыт – киізбен жұмыс жасау, тақия басу өнері. Бұл істі бірнеше жылдан бері сүйіспеншілікпен атқарып келе жатқан қолөнерші Гүлжан Кенжеғалиқызы (**суретте**) қатысушыларға тек шеберліктің қыр-сырын үйретіп қана қойған жоқ, олардың жүрегінде қазақы кодты, төл өнерге деген іңкәрлікті оятты. Киіз басудың әр әдісін түсіндіре отырып, ол өзінің өнерге деген шексіз махаббатын, ата-бабадан жеткен аманатқа деген құрметін де бөлісті.

– Қатысушылармен бірге тақия жасауды үйрендік. Маған киізбен жұмыс жасауды үйрету бұйырған екен. Осы жолы тақия басудан шеберлік саға-



тын өткіздім. Тақия басумен екі жылдан бері айналысып келемін, әр жасаған бұйымыммен ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті жеткіз-гім келеді. Қатысушылардың ынтасы мен қызығушылығы керемет болды, әр қимылын ықыласпен қайталап, өз қолымен жасаған туындысына қуанып жатты. Алдымен Светлана Баянқызының жетекшілігімен киізден сөмке басуды үйреніп шықтық, содан кейін тақия жасаудың қыр-сырына кірістік. Менің мақсатым – осы қарапайым тақия арқылы жұртшылықтың ұлттық қолөнерге деген сүйіспеншілігін ояту, қазақы кодтың тірілту. Тақия – ұлттың рухы мен болмысын сақтайтын белгі. Адамдар дайын тақияны көргенде ғана емес, оны өз қолымен жасап шыққанда, әр тігісінің, әр өрнегінің астарындағы мәнді сезінгенде ұлттық өнердің шынайы құндылығын түсінеді. Тақия жасау үрдісі өте ұзақ әрі шыдамдылықты қажет етеді. Киізді дұрыс илеп, өңдеп, қалыпқа салып, келтірудің өзі үлкен еңбекті талап етеді. Бірақ осы еңбектің нәтижесінде пайда болған бұйымды қолыңа ұстаған сәттегі қуаныш бәріне тұрарлық, – дейді қолөнерші.

– Фестивальге алғаш қатысып отырмын. Оралдықтардың қарсы алуы ерекше ықылас болды, ашылу салтанаты жоғары деңгейде өтті. Әсіресе шеберлік сағаттарының ұйымдастырылуы таптырмас мүмкіндік екен. Киізбен жұмыс жасап үйреніп, өзіме мүлде жаңа дүниені аштым, әсерімді сөзбен жеткізу қиын. Қолымнан мұндай іс келетінін өзім де білмеппін. Бала күнімде әжемнің киіз басып отырғанын жиі көретінмін, қызыға қарайтынмын. Бүгін сол бала арманым орындалғандай күй кештім. Осындай бақыт бұйырғанына өте қуаныштымын, – дейді

Астрахан қаласынан келген Ұлбике Досалиева (**суретте**).



Ұлттық ұйыстыратын ең мықты дәнекер – ортақ тіл мен ортақ дәстүр.

Жайық топырағында өтіп келе жатқан «Алтын көпір» жобасы осы мұратты ұрпақ жүрегіне дарытуды көздейді. Биылғы басқосу да алыстағы ағайынның сағынышын басып қана қоймай, олардың жүрегіндегі қазақы рухты жаңғыртқандай болды. Сол рухты сезініп, тәлімін бойына сіңіріп қайтқан қандастардың бірі – Саратов қаласынан келген Айгүл Мендіғалиева.

– Мен Саратов қаласынан келдім. Бұл фестивальге екінші рет қатысып отырмын. Былтыр аудан-ауылдарды аралап, жергілікті халықтың тұрмысымен таныстық. Ал биылғы бағдарлама мүлде басқа сипатта ұйымдастырылыпты. Шеберлік сағаттары, дәрістер, экскурсиялар – бәрі де көңілімнен шықты. Қазақтың тілі мен дәстүріне қатысты көптеген жаңа ақпарат алып, керемет әсерге бөлендім, – дейді ол.

«Алтын көпір» – атына сай асыл арна. Ол шеттегі қандастар мен атамекен арасындағы рухани дәнекерге айналып, тіл мен дәстүрдің, тарих пен тағылымның ажырамас сабақтастығын айшықтай түсті. Бірнеше күнге созылған фестиваль барысында қатысушылар тек шеберлік сағаттарынан қазақы рухтың жылуын, туған жердің мейірімін де сезінді. Осындай басқосулар көбейіп, алыстағы ағайынның жүрегін жақындата берсе, «Алтын көпірдің» мәні де, маңызы да еселене түспек.

**Аружан АМАНЖОЛ,**  
**«Орал өңірі»**



Республикалық терминология комиссиясы  
2025 жылғы 29 мамырдағы отырысында бекіткен терминдер

| Мұнай-газ саласында қолданылатын терминдер |                                            |                                        |
|--------------------------------------------|--------------------------------------------|----------------------------------------|
| 1                                          | «холодная» скважина                        | «суық» ұңғыма                          |
| 2                                          | азотный газ                                | азот газы                              |
| 3                                          | бензин прямой перегонки                    | тура айдалатын бензин                  |
| 4                                          | болотный газ                               | батпақ газы                            |
| 5                                          | буровые трубы                              | бұрғылау құбырлары                     |
| 6                                          | взброс                                     | қаусырма                               |
| 7                                          | вид заводнения                             | сумен тоғыту түрі                      |
| 8                                          | влагометрия скважины                       | ұңғыма ылғалын өлшеу                   |
| 9                                          | водораздел напорных вод                    | арынды сулардың суайрығы               |
| 10                                         | водорастворимый газ                        | суда еритін газ                        |
| 11                                         | возбуждение сейсмических волн              | сейсмикалық толқындардың қозуы         |
| 12                                         | возраст подземных вод и газов              | жерасты сулары мен газдарының жасы     |
| 13                                         | волны-помехи                               | бөгеуіл толқындар                      |
| 14                                         | высокосернистый газ                        | жоғары күкіртті газ                    |
| 15                                         | высота залежи                              | жатын биіктігі                         |
| 16                                         | высота ловушки                             | тұтқыш биіктігі                        |
| 17                                         | вытесняющий агент                          | ығыстырушы агент                       |
| 18                                         | вытяжка нефти                              | мұнай сору                             |
| 19                                         | газ газовых шапок                          | газқалпақ газы                         |
| 20                                         | газ газоконденсатных залежей               | газконденсат жатындар газы             |
| 21                                         | газ грязевых вулканов                      | балшықты жанартаулар газы              |
| 22                                         | газификатор                                | газдандырғыш                           |
| 23                                         | газ-носитель                               | газ тасымалдағыш                       |
| 24                                         | газовая изоляция                           | газдық оқшаулау                        |
| 25                                         | газовое месторождение                      | газ кенорны                            |
| 26                                         | газовый баллон                             | газбалон                               |
| 27                                         | газовый конденсат                          | газконденсат                           |
| 28                                         | газообразная электрическая изоляция        | газтәріздес электрлік оқшаулау         |
| 29                                         | газоочистка                                | газ тазарту                            |
| 30                                         | газопоглотитель                            | газ сіңіргіш                           |
| 31                                         | газораспределение                          | газ тарату                             |
| 32                                         | газораспределительная система              | газ тарату жүйесі                      |
| 33                                         | газосодержание воды                        | судағы газ мөлшері                     |
| 34                                         | газосодержание нефти                       | мұнайдағы газ мөлшері                  |
| 35                                         | газосушитель                               | газқұрғатқыш                           |
| 36                                         | газы рассеянные                            | шашыранды газдар                       |
| 37                                         | гарцбургит                                 | гарцбургит                             |
| 38                                         | гелий                                      | гелий                                  |
| 39                                         | генераторный газ                           | генераторлық газ                       |
| 40                                         | генетические типы вод                      | сулардың генетикалық типтері           |
| 41                                         | геоантиклиналь                             | геоантиклинал                          |
| 42                                         | геодезическая основа                       | геодезиялық негіз                      |
| 43                                         | геоизотерма                                | геоизотерма                            |
| 44                                         | геологический абсолютный возраст           | геологиялық абсолют жас                |
| 45                                         | геологический возраст                      | геологиялық жас                        |
| 46                                         | геологический относительный возраст        | геологиялық салыстырмалы жас           |
| 47                                         | геологический разрез месторождения         | кенорынның геологиялық қимасы          |
| 48                                         | геологический разрез месторождения сводный | кенорынның жиынтық геологиялық қимасы  |
| 49                                         | геологический разрез скважины              | ұңғыманың геологиялық қимасы           |
| 50                                         | геологический разрез скважины проектный    | ұңғыманың жобалық геологиялық қимасы   |
| 51                                         | геологическое картирование                 | геологиялық карталау                   |
| 52                                         | геология                                   | геология                               |
| 53                                         | геология нефти и газа                      | мұнай мен газ геологиясы               |
| 54                                         | геология нефти и газа промысловая          | мұнай мен газдың кәсіпшілік геологиясы |
| 55                                         | геология полевая                           | далалық геология                       |
| 56                                         | геология прикладная                        | қолданбалы геология                    |
| 57                                         | геология региональная                      | өңірлік геология                       |
| 58                                         | геометризация залежей                      | жатындарды геометриялау                |
| 59                                         | геометризация месторождений                | кенорындарды геометриялау              |
| 60                                         | геосинклиналь                              | геосинклинал                           |
| 61                                         | геосинклиналь современная                  | қазіргі геосинклинал                   |
| 62                                         | геотектоника                               | геотектоника                           |
| 63                                         | геотектоника историческая                  | тарихи геотектоника                    |
| 64                                         | геотектоника морфологическая               | морфологиялық геотектоника             |
| 65                                         | геотектоника общая                         | жалпы геотектоника                     |
| 66                                         | геотектоника прикладная                    | қолданбалы геотектоника                |
| 67                                         | геотектоника региональная                  | өңірлік геотектоника                   |

|     |                                  |                                         |
|-----|----------------------------------|-----------------------------------------|
| 68  | геотектоника экспериментальная   | тәжірибелік геотектоника                |
| 69  | геотермия (геотермика)           | геотермия (геотермика)                  |
| 70  | геофизика полевая                | далалық геофизика                       |
| 71  | геофизика промысловая            | кәсіпшілік геофизика                    |
| 72  | геофизика разведочная            | барлау геофизикасы                      |
| 73  | геофизика структурная            | құрылымдық геофизика                    |
| 74  | геохимия                         | геохимия                                |
| 75  | геохимия нефти                   | мұнай геохимиясы                        |
| 76  | геохимия органическая            | органикалық геохимия                    |
| 77  | герметичность скважины           | ұңғыманың герметиктігі                  |
| 78  | гибридные углеводороды           | гибрид көмірсутектер                    |
| 79  | гидравлическая буровая платформа | гидравликалық бұрғылау платформасы      |
| 80  | гидравлический насос             | гидравликалық сорғы                     |
| 81  | гидратный газ                    | гидратты газ                            |
| 82  | гидрогеология                    | гидрогеология                           |
| 83  | гидрогеология нефтяная           | мұнай гидрогеологиясы                   |
| 84  | гидроизопьезы                    | гидроизопьездер                         |
| 85  | гидроизотермы                    | гидроизотермдер                         |
| 86  | гидроимпульсивный насос          | гидроимпульсті сорғы                    |
| 87  | гидрокрекинг                     | гидрокрәкиң                             |
| 88  | гидроочистка                     | гидротазалау                            |
| 89  | гидропоршневой насос             | гидропоршенді сорғы                     |
| 90  | гидропроводность                 | гидроөткізгіштік                        |
| 91  | гидроразрыв                      | гидрожару                               |
| 92  | гидроударное бурение             | гидросокқылы бұрғылау                   |
| 93  | гидрофильный керн                | гидрофилді керн                         |
| 94  | гидрофобный керн                 | гидрофобтық керн                        |
| 95  | гидрофон                         | гидрофон                                |
| 96  | гидроцилиндр                     | гидроцилиндр                            |
| 97  | гипербазит                       | гипербазит                              |
| 98  | гипотеза изостазии               | изостазия гипотезасы                    |
| 99  | гипотеза контракционная          | контракциялық гипотеза                  |
| 100 | гипотеза мобилизма               | мобилизм гипотезасы                     |
| 101 | главная перегонная станция       | басты айдау стансасы                    |
| 102 | глина цеолитовая                 | цеолитті саз                            |
| 103 | глинистая корка                  | сазды қабыршақ                          |
| 104 | глинистость коллектора           | коллектор саздылығы                     |
| 105 | глинонакопление                  | саз жинақталу                           |
| 106 | глинообразование                 | сазтүзілім                              |
| 107 | глины глауконитовые              | глауконит саз                           |
| 108 | глины диатомовые                 | диатомит саз                            |
| 109 | глины жирные                     | майлы саз                               |
| 110 | глины каолинитовые               | каолинит саз                            |
| 111 | глины карбонатные                | карбонатты саз                          |
| 112 | глины континентальные            | континенттік саз                        |
| 113 | глины монтмориллонитовые         | монтмориллонит саз                      |
| 114 | глины морские                    | теңіз сазы                              |
| 115 | глины неразбухающие              | ісінбейтін саз                          |
| 116 | глины нонтронитовые              | нонтронит саз                           |
| 117 | глины озерно-болотные            | көл-батпақ сазы                         |
| 118 | глины озерные                    | көл сазы                                |
| 119 | глины осадочные                  | шөгінді саз                             |
| 120 | глины остаточные                 | қалдық саз                              |
| 121 | горноотводный акт                | тау-кен бөлу актісі                     |
| 122 | гортонолит                       | гортонолит                              |
| 123 | горючий газ                      | жанғыш газ                              |
| 124 | гравелит                         | гравелит                                |
| 125 | гравиметрическая разведка        | гравиметрлік барлау                     |
| 126 | гравитационная буровая платформа | гравитациялық бұрғылау платформасы      |
| 127 | графитный фильтр                 | графит сүзгі                            |
| 128 | грифон                           | грифон                                  |
| 129 | групповые замерные установки     | топтық өлшеу қондырғылары               |
| 130 | грязевой вулкан                  | балшықты жанартау                       |
| 131 | давление осадочные (экзодайки)   | шөгінді сығылмалар (экзосығылмалар)     |
| 132 | давление точки росы              | шық нүктесі қысымы                      |
| 133 | дегазатор бурового раствора      | бұрғылау ерітіндісінің газсыздандырғышы |
| 134 | дедвейт                          | дедвейт                                 |
| 135 | декалин                          | декалин                                 |
| 136 | денудация                        | денудаттау                              |

(Жалғасы бар)





«Орал өңірі»  
газетінің арнайы қосымшасы

№6

# tin – mazyr

## «Алтын көпір» – асыл арна

Таяуда Орал қаласындағы «Атамекен» өнер ордасында облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен дәстүрлі халықаралық «Алтын көпір» фестивалі шымылдығын түрді. Тіл мен мәдениетті тоғыстырған бұл маңызды шара биыл да кең ауқымда өтіп, шекараның екі жағындағы қандастарды, руханият жанашырларын бір арнаға тоғыстырды.

Фестивальдің басты мақсаты – қазақ тілін, тарихын және дәстүрін кеңінен насихаттап, ұлттық бірегейлікті сақтау. Сонымен қатар бұл жиын көрші елдердегі қазақ диаспорасының өзара байланысын нығайтып, рухани сабақтастықты жалғастыруға зор мүмкіндік бермек. Салтанатты ашылу рәсіміне Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев, Ресейдің шекаралас өңірлерінен арнайы келген қазақ диаспорасының өкілдері, елге белгілі мәдениет қайраткерлері, зиялы қауым және тіл ғылымының беделді зерттеушілері қатысты. Қонақтар фестивальдің өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты нығайтудағы рөліне ерекше тоқталды.

Шара барысында кіреберіс алаңнан-ақ мерекелік әсер сезілді. Ұлттық нақыштағы дәстүрлі киім киген бойжеткендер меймандарды ыстық ықыласпен қарсы алып, дастарқанның сәнін келтірген бауырсақ пен ақ ұсынды. Оркестр орындаған әсем әуен жиынға жиналғандарға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, ұлттық болмыстың көркем өрнегін айқындай түсті. Ал фестивальдің шымылдығы «Алтын көпір» жобасының алты жылдық жетістіктерін қамтыған деректі фильмді тамашалаудан басталды. Экраннан көрермендер Қазақстан мен Ресейдің мәдени байланысын тереңдетуге бағыттал-



ған бірлескен жобалар мен тіл саясатын дамытуға арналған бастамалардың нәтижелерін көріп, тың деректерге қанықты.

Салтанатты рәсімнің модераторы, облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Қуанышбек Мұханғалиев сөз алып, «Алтын көпір» аясында атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталды. Ол осы уақыт ішінде екі ел арасындағы мәдени диалогтың жаңа деңгейге көтерілгенін, көптеген ғылыми-танымдық кездесу, шығармашылық байланыстар мен тіл үйрету жобалары жүзеге асқанын атап өтті. Сондай-ақ алдағы уақытта да бұл бағыттағы бастамалар жүйелі түрде жалғасатынын жеткізді. Басқарма басшысы Ресей Федерациясынан арнайы келген делегация мүшелерін көпшілікпен таныстырды. Одан кейін сөз кезегі облыс әкімінің орынбасарына ұсынылды.

– Жыл сайын Батыс Қазақстан облысы әкімдігі тарапынан Ресей Федерациясының шекаралас өңірлеріне әдістемелік көмек көрсетіліп келеді. Бұл жұмыс – бір күннің еншісіндегі шара емес, көп жылдан бері жалғасып келе жатқан жүйелі қолдау. 2019 жылдан бастап аталмыш достық фестивалін қазақ жерінде өткізу дәстүрге айналды. Мұның барлығы – шетелдегі қандастарымыздың мәдени және тілдік қажеттіліктеріне деген қамқорлықтың айқын көрінісі. Бүгінгі шараның басты мақсаты – сырттағы ағайын үшін аса өзекті болып отырған мәселе, яғни жас-

тардың қазақ тілінде білім алуына жағдай жасау, ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейту. Біз үшін бұл бағыттағы жұмыс тек мерекелік кездесулермен шектелмейді, күнделікті қолдау, нақты істер арқылы жүзеге асады. Сондықтан бауырларымыздың ұлттық мәдени тұрғыдан жан-жақты дамуына, салт-дәстүрімізді танып-білуіне және оны сақтап қалуына ұдайы мүмкіндік беріп отыруды өзіміздің азаматтық әрі ағайындық парызымыз деп білеміз. Бізде мұндай тәжірибе бұрыннан бар. Мәселен, этникалық қазақтар Қазақстанға келіп, жоғары оқу орындарына оқуға түскен жағдайда қазақстандық азаматтармен тең дәрежеде мемлекеттік грантқа қатыса алады. Бұл үшін арнайы қосымша квоталар қарастырылған. Кейбір университеттер тіпті Қазақстан азаматтығы жоқ қазақ жастарына да жеке гранттар ұсынып келеді. Мұның бәрі – олардың білім алуына, кәсіби тұрғыдан өсуіне жасалып отырған нақты мүмкіндік. Бүгінгі «Алтын көпір» фестивалі – достықты, бауырмалдықты насихаттайтын берік қадамдардың бірі, – деді Қайыржан Ермекұлы.

Фестиваль аясында халықаралық «Қазақ тілі» орталығының Орынбордағы өкілдігінің төрайымы Сәуле Таикешова да сөз алып, шетелдегі қазақ жастарының тіл үйренуге деген ықыласының артып келе жатқанын атап өтті. Ал «Отандастар қоры» КеАҚ-ның Батыс Қазақстан облысы бойынша фронт-кеңсе сарапшысы Жантас Сафул-

лин жастарға көрсетілетін қолдау жайын тарқата айтты.

– Батыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы дипломатиялық қатынастарды дамытуда ерекше рөл атқарады. Бұл аймақ туризм, бизнес және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту арқылы тату көршілік, өзара сенім мен стратегиялық әріптестіктің жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Бұрындары қазақ ғалымдары мен лингвист мамандар Ресейге барып әдістемелік көмек көрсетіп, ана тілін үйренуге қолдау жасап келген болса, 2019 жылдан бері бұл игі шараны қазақ жерінде өткізу дәстүрге айналды. Биылғы таңда Ресей Федерациясымен шектес орналасқан бес облыстан – Орынбор, Саратов, Самара, Волгоград және Астрахан өңірлерінен 20-дан аса қазақ диаспорасының өкілдері келіп отыр. Фестиваль аясында оларға вокал, домбыра, хореография, қолөнер бағыттары бойынша шеберлік сағаттары ұйымдастырылып, түрлі тақырыптық дәрістер мен өңіріміздің көрнекті жерлеріне экскурсиялар өткізіледі, – деді облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бас маманы Самал Тастемірова.

Тарихи атамекенге табан тіреген қандастарымыз құшақ жая қарсы алған Жайық жұртшылығына шынайы ризашылығын білдіріп, өздері тұратын өңірлердегі атқарылған жұмыстар мен жетістіктер жайында да әңгімеледі. Жиын барысында қандастардың

тұрмыс-тіршілігі, олардың ұрпақ тәрбиесі, ұлттық болмысын сақтауы және туған тілін меңгеру барысындағы түйткілді тұстар да кеңінен талқыланды. Әсіресе басты назар қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мәселесіне ауды. Бұл бағытта нақты қолданысқа тиімді әдістемелердің қажеттілігі айтылып, солардың ішінде жазушы Қанат Тасыбековтің «Ситуативный казахский» («Жағдаятты қазақ тілі») атты еңбегі озық үлгі ретінде ерекше атап өтілді. Жиынға қатысушылар бұл кітаптың күнделікті қарым-қатынасқа қажетті сөздік қорды өмірлік жағдаяттар арқылы үйретуімен құнды екенін және Ресей өңірлеріндегі қазақ жастары үшін таптырмас оқу құралы болатынын баса жеткізді. Айта кету керек, аталмыш еңбек бүгінде Қазақстанның өзінде де сұранысқа ие, түрлі оқу орындары мен тіл үйрену орталықтарында кеңінен қолданылып келеді.

– 1959 жылы Ақмола өңірінде дүниеге келдім. Мұны айтып отырған себебім, дәл мен жарық дүние есігін ашқан жылы өткен санақ бойынша сол кездегі Кеңес одағында қазақтардың үлесі бар болғаны 29,62 пайыз екен. Бұл – сол дәуірдің тарихи шындығы. Солтүстікте білім алдым, сыныбымда жалғыз қазақ болдым. Қазақша білім беретін мектептертым сирек еді. Мектепті де, жоғары оқу орнын да орыс тілінде бітірдім. 1988 жылы Мәскеуде аспирантура-ны тәмамдап, кейін Францияда докторантурада оқыдым.

(Соңы 2-3-беттерде)



# «АЛТЫН КӨПІР» – асыл арна

(Соңы. Басы «Тіл - тұғыр» қосымшасының 1-бетінде)



Негізгі ма-мандығым – жылқы шаруашылығы. 1999 жылы елге оралып, көп жыл жеке кәсіппен айналыстым. Бірақ жасым елуге таяған шақта қазақ тілін білмейтініме қатты намыстандым. Француз тілін өз ана тілімнен жақсы білетінім өзегімді өртеді. Сол кезде өзімді қамшылап, өз бетімше қазақ тілін үйренуге түбегейлі шешім қабылдадым. Табиғатымнан қайсар жанмын, сондықтан күнделікті еңбектеніп, үнемі ізденіп отырдым. Содан бері, міне, он бес жылдай уақыт өтті. Бүгінде қазақша сөйлеймін, бірақ өзімнің тілдік деңгейіме, сөз саптауыма әлі де толық көңілім толмайды. Ізденісті, білім алуды ешқашан тоқтатпаймын. Тіл үйрене бастаған алғашқы бір-екі жылдың ішінде түрлі әдіс-тәсілді, пайдалы деректерді жинақтап, өзіме түртіп отырдым. Қазақта «Білгенінді білдірмесең, білгенін бар болсын» деген керемет сөз бар ғой. Сол оймен мен де жинаған тәжірибемді қағазға түсіріп, өзгелерге көмегім тисін деген ниетпен кітап жазуға бел будым. Осылайша, 2012 жылы «Атамұра» баспасынан «Ситуативный казахский» атты қазақ тілін үйренуге арналған ауторлық оқу құралым жарық көрді. Алғашқыда небары 1000 данамен шыққан бұл кітапқа сұраныс артып, қазір 60 мың данадан асып кетті. Жыл сайын толықтырып, қайта басып шығарып отырамын. Бұл еңбектің көпшілік көңілінен шыққанының айқын дәлелі деп білемін.

Соңғы жылдары түрлі қалаларға, елдерге шақыртулар жиі түседі. Кітабымды насихаттап, қазақ тілін үйренемін дегендермен жүздесу – мен үшін үлкен қуаныш. Мәскеуде екі рет болып, Қазақстан елшілігінің қолдауымен «Қазақстан» павильонында қандастарымызбен кездестім. Омбыға да жиі барамын, онда «Мәміле» деген қазақша сөйлесу клубы жұмыс істейді, сол жерде ашық жүздесулер өткіздік. Жақында Скандинавияға барып, бес елді араладым. Финляндияда тұратын қазақтармен кездестім, ол жақтағы қазақ ұйымдары менің кітабымды оқып, арнайы алдыртыпты. Егер еңбегімнің адамдарға пайдасы тисе, бұл – мен үшін мақтаныш. Өзіме мынадай мақсат қойдым – орыс тілді қазақ-



тарды ана тілінде сөйлетуге, қазақ тілін меңгеруге жол ашу. Әр қазақ өз тілін білсе екен, ана тілінің қадірін сезінсе екен деймін. Менің бар ізденісім, еңбегім осы мұратқа қызмет етеді, – дейді «Ситуативный казахский» атты қазақ тілін үйренуге арналған ауторлық оқу құралының ауторы, тіл жанашыры Қанат Ғалымұлы (**жоғарыда суретте**).

Бұған қоса, фестиваль барысында екі ел арасындағы мәдени байланыстарды дамытуға белсене атсалысып жүрген бірқатар азамат Батыс Қазақстан облысы әкімінің алғысхатымен марапатталды. Марапатты облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев салтанатты түрде табыс етті. Олардың қатарында халықаралық Қазақ тілі қоғамының Ресей Федерациясының Орынбор облыстық өкілдігін басқарушы Сәуле Таикешова бар. Ол Қазақстан мен Ресейде өткізілетін түрлі мәдени іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырып, қазақ тілін,

тарихы мен дәстүрін насихаттауда үлкен еңбек сіңіріп жүр. Сондай-ақ қазақ тілін үйренуге арналған «Ситуативный казахский» әдістемесінің ауторы, «Мәміле» тіл клубының негізін қалаушы, жазушы Қанат Тасыбеков те алғысхатқа ие болды. Марапат иелерінің қатарын Ресей өңірлерінен келген өзге де белсенділер толықтырды. Самара облысындағы «Казахи Самары» мәдениет орталығының төрайымы Айгүл Жәлелова Самара өңірінде қазақ тілін, ұлттық мәдениет пен дәстүрді насихаттап, екі ел арасындағы мәдени байланысты дамытуға елеулі үлес қосып келеді. Волгоград облысындағы Эльтон ауылдық мәдениет үйінің жетекшісі Ғалым Хантаев ауыл аймағында қазақ тілін дәріптеп, түрлі мәдени шараны ұйымдастырып жүрген азамат ретінде ерекшеленді. Астрахан облысындағы «Жаңару» қазақ мәдениет орталығының меңгерушісі Айнұр Хусаинова да қазақ тілінде өтетін

іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастырып, өңірде ұлттық дәстүрді жандандырып келеді. Саратов облысындағы Озинки құрылыс технология және сервис техникумының музыка оқытушысы Ақболат Өтеуов – көптеген вокалдық байқаудың лауреаты, «Жігіт сұлтаны» байқауының қатысушысы ретінде де өнерімен танылған жас маман. Фестиваль осылайша мәдениет пен өнерді, ана тілін дәріптеуді басты мақсат еткен жандарды біріктіріп, қос ел арасындағы достық пен өзара сыйластықтың алтын арқауына айналды.

– Бұл жоба – алты жылға жуық уақыттан бері сәтті жүзеге асып келе жатқан бастама. Осы уақыт ішінде үздіксіз өтіп, өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Басты мақсатымыз – көршілес бес облыстағы қандастарымызды шақырып, қазақ тілін, Қазақстан тарихын, мәдениеті мен салт-дәстүрін, ұлттық спорт пен қолөнерді кеңінен насихаттау. Біздің

қонақтарымыз мұнда тек келіп, түрлі іс-шараға қатысып қана қайтпайды. Еліне оралған соң, осы жерде көріп-білгенін, үйренгенін өз өңірлеріндегі қазақ қауымына жеткізіп, тәжірибесімен бөліседі. Біз де олармен үнемі байланыс үзбей, алдағы жұмыстарға бағыт-бағдар беріп отырамыз. Сонымен қатар келген қандастарымызды әншілермен, күйшілермен, спорт өкілдерімен, тіл мамандарымен арнайы жүздестіріп, таныстырамыз. Бұл – олардың сұрақтары туындаған жағдайда мамандардан тікелей жауап алуына мүмкіндік жасау үшін жасалған қадам. Өйткені әлеуметтік желідегі мәліметтердің дұрыстығына көз жеткізу қиын, ал білікті мамандармен байланыс орнату арқылы олар нақты әрі сенімді ақпаратқа ие болады. Жалпы жоба шеңберінде тарихи мекеніне алғаш рет табан тіреген қандастарымыз да бар. Биылғы бағдарламаның ерекшелігі – бірінші рет бес облыстан да өкілдер толық құрамда жиналып отыр. Бұған дейін біз қатысушыларды облыс аудандарына апарып, ауылдың тыныс-тіршілігімен таныстырдық. Әр аудан өз бағдарламасын ұсынып, келген қонақтар атқа мініп, сиыр сауып, садақ атып, түйе бағып, отқа нан көмудің де дәстүрін көріп, қызықты тәжірибе жинады. Айта кетерлігі, жобамыздың сәттілігінен болар, осы фестивальде танысып, өмірлік серігін тапқан жастар да бар. Бұл да біздің еңбегіміздің жемісі деп ойлаймын. Алдағы уақытта қатысушылардың ауқымын кеңейтіп, тек көршілес облыс-

## «АЛТЫН КӨПІР» халықаралық фестивалінің жобасы







# Оралдағы 1991 жылғы Қыркүйек оқиғасы жөнінде не білеміз?



**Тұяқбай РЫСБЕКОВ,**  
тарих ғылымдарының  
докторы, профессор,  
академик, Қазақстан  
Республикасының еңбек  
сіңірген қайраткері,  
«Парасат» орденінің иегері

(Соңы. Басы газеттің  
16 қыркүйек, №75,  
18 қыркүйек 2025 ж.  
№76 сандарында)

Қыркүйек оқиғасына байланысты Орал қаласында болған жағдай туралы халық депутаттарының облыстық сессиясында Н. Есқалиев пен Н. Мордасовтың баяндамалары тыңдалды, ал қазан айының соңында С. Абдрахманов арнайы келіп, анықтама жасап кетті.

Түйін:

Уақыт өткенімен, 1991 жылғы қыркүйек оқиғасына арнайы билік тарапынан объективті баға берілмеді. Олар болған жағдайдың шынайы көрінісін ашып, мемлекет қауіпсіздігі мәселелері бойынша болашаққа пайдалы ұсыныстар жасау қажет еді. Бірақ олай болмады.

1991 жылы қазан айының соңында облысқа сайлаушылармен кездесуге келген кезде Президент Н. Назарбаев Орал өңірінің халқы мен облыстың барлық басшыларына шынайы алғысын білдірді. Президент жағдайдың бейбіт аяқталғанына халық қалай қуанғанын өз көзімен көріп сенді. Ол сол кезде Оралда болған оқиға туралы, казак-қазақ қарсылығының қатерлі мәні, сондай-ақ оның болуы мүмкін жағымсыз салдарлары туралы мұқият сарапталған мәлімет алып, облыс басшылығының ұстанған позициясы мен жасаған іс-қимылын мақұлдады.

Кезінде ұйымдастыру жұмысына М. Есеналиев басшылық еткен «Азат» республикалық азаматтық қозғалысы-

ның жігіттерінің осы оқиға кезіндегі жанқиярлық батырлығын есте сақтауға тиістіміз. Облыс басшысы Н. Есқалиев Қыркүйек оқиғасы барысында жігерлілік пен ұлттық сезімнің, отансүйгіштіктің үлгісін көрсеткен «Азаттың» жігіттерімен кездесуінде былай деді: «Облыс халқының басына осындай қиындық түскенде, халықты ұйымдастыру, орыс-казактарының ойлағанын болдырмағандарыңыз үшін сіздерге рақметімізді айтамын».

Ол одан әрі өз сөзінде казактарға қарсы өздерінің де күрескенін, олардың іс-әрекеттеріне қатысты қырық том болатын айғақтардың жиналғанын, оның барлығының жоғарыға жіберілетіндігін, бұдан былайғы жерде елінің тәуелсіздігін қорғаған «Азаттың» жігіттерін ешкімнің қудалауына бергізбейтінін айтты... «Қалай дегенде де, сол қыркүйек оқиғалары екі халықтың ең әуелі шекісуге (қантөгіс бола жаздап) жақындап, кейін бекісіп, жақындасуына себепкер болды ғой. Әрине, қантөгістің болмауына «Азат» азаматтық қозғалысының мүшелерінің көп еңбегі сіңді...». – деп облыс басшысы Н. Есқалиев кейіннен өз ойын білдірді. Оқиғаны тексеру үшін Оралға келген президенттік комиссия азаттықтардың, шеруге қатысушылардың барлық әрекетін толық бақылауға алғанын, қақтығыс түгілі, құқық тәртібі күштерінің іске араласуына дейін жеткізбегенін анықтады (Т. Рысбеков, 291-292 б.).



Сол қаһарлы күндердегі жақсылықтың зұлымдықты жеңе білген тарихи жеңісін, батыр қыз-жігіттердің (Б. Адилов, Ж. Қуаншалин, А. Қадырбаева, М. Балмолда) ерлігін қазақтар лайықты бағалай білуге тиісті.

Облыс басшысы (Н. Есқалиев) мен құқық қорғау және қорғаныс құрылымдарының басшыларының да (В. Шумов, А. Дружинин, Қ. Талипов, Б. Мұқышев, А. Жаманбаев, В. Макатов, Г. Мұқатаев) іс-әрекетін жоққа шығаруға болмайды. Облыс басшылығының сол күндердегі қимыл-әрекетін біржақты бағалау әділдіктің орын алмайтындығын білдіреді деп есептеймін. Өйткені олар казак сепаратистерінің ақыл-парасаты оянар, өз қателіктерін түсінер, жоғары жақтағы қолтыққа су бүркішілер тоқтау салар, ең бастысы қантөгіс болмасын деген ойда болды. Нәжімеден Ықсанұлы тәкаппарлық танытып, тек менікі дұрыс деген ойда болған жоқ. Облыс басшысының сол кездегі іс-әрекетіне «Азат» басшыларының бірі Б. Адилов былай деп баға берді: «Қазақтар өз бостандығын үш ғасырдан астам уақыт күреспен алды. Батыс Қазақстан жерін де халықтың адал ұлдары қорғады. Өз тарихында Ресей де тәуелсіздік үшін күресті. Ол тарихта Невский, Донской, Пожарскийдің есімдері мәңгі қалды. 1991 жылы қыркүйек оқиғаларының осы жерде болуы кездейсоқ емес. Орал жеріндегі арандатулар орыс халқының емес, Ресей



басшылығының ұлы державалық пиғылының көрінісі ретінде басталды. Мұны Орал қаласында болған оқиғалар кезінде әр ұлттан тұратын қала мен облыс тұрғындарының осында келген казактарды қолдамауы дәлелдейді. Қалай десек те, коммунистік партия халықты интернационализмге тәрбиелеп үлгерді. «Азат» қозғалысының мүшелері мұнда аса сындарлы кезде келді. Казактар біздің көшеде алшаңдай жүргенде, біздер терімізге сыймай кеттік. Біз қарсы бардық. Егер бір адамның – Н. Есқалиевтің сабырлылығы, шыдамдылығы болмағанда, қантөгіс болар еді. Ол Орал жұрты мен біздерді сабырға шақырып, сөзі мен ісіне сендіре білді. Оның әріптестері – Гартман, Шумов, тағы басқалары Оралда ауыр сыннан өтіп, қызметтерінің өсуі тегіннен тегін емес. Сізді ауыстырып жатқан Көкшетау облысында жағдай құбылмалы. Онда ұлтаралық қатынаста қиындыққа кезігіп жатсаңыз, біз сізге баруға әзірміз, Нәке!». (Т. Рысбеков, 296-б.).

Н. Есқалиевпен бірге осы оқиғаға қатысқан көптеген әріптестері бейбітшілік жолындағы белсенді және жемісті еңбектері үшін қызметтері мен лауазымдары өсті. Көп ұзамай В. Гартман Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің басшысы болып тағайындалды. В. Шумов тәуелсіз Қазақстанның бірінші Ішкі істер министрі болды. А. Дружинин Оңтүстік Қазақстан облысы МҚК басқармасының басты-

ғы болып жіберіліп, кейін республиканың ҰҚК төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Б. Мұқышев Батыс Қазақстан облысы ішкі істер басқармасының бастығы, ал А. Жаманбаев Гурьев (Атырау) облысы ішкі істер басқармасының бастығы болды. Олардың бәрі генерал шеніне ие болды.

Қорыта келе айтқанда, біздің ұлтымыз үшін тарих ғылымының объективтілігі қажет. Биліктегі элита танымдық салада біздің ұлтымыздың шынайы тарихын шетке шығарып тастағандай болды. Қазақ-казак текетіресінің Оралдағы негізгі көріністері осындай еді. Олар XX ғасырдың аяғындағы Кеңестер одағы деп аталатын бір кездегі дүниежүзілік державаның жаһандық саяси мүдделер қақтығысының ортасында елеусіз қалды. Бұл оқиға кезіндегі жастардың және олардың арасындағы белсенділерінің ерлік іс-әрекеттері мақалада тәптіштеп айтылмаса да, олар халық арасында өзінің орынды бағасын алды.

Біз неғұрлым ол күндерден алыстаған сайын алдымызға бір қорытынды шыға береді: 1991 жылдың сол қауіпті күзді күнінде тек Батыс Қазақстан ғана емес, бүкіл республика «тәуелсіз Қазақстанның болу-болмау» дилеммасының (екінің бірін алу) алдында тұруы мүмкін еді. Бірақ еліміздің басшылары халық арасында танылған ақиқатты мойындауға барады. Әрине, әділдік қай кезде де үстем болып шығады.





# Алыста қалған 60 жыл

## «Ұрпағым — ұйытқым, отбасым — орманым»

Олар 1960 жылдардың басында ауыл клубында би кешінде танысқан. Ол кезде кейіпкеріміз Базарғали ата жалындаған жас жігіт еді. Ауыл кітапханасында қызмет істейтін аққұба, қасы-көзі қиылған, талдырмаш қызды көру үшін кітап оқуға жиі баратын. Әуелден кітапқұмар кейіпкерімізді кітапханадағы әдеби кітаптарға қоса, сондағы сұлу қыз да магниттей тартып тұратын болды...

«Екі жақсы» айдарының бүгінгі кейіпкерлері Жаңақала ауданының байырғы тұрғындары, ел ішінде сыйлы, ұлағатты жандар – Базарғали Ғұмаров пен Мақтым Кенжеғалиеваның отасқандарына биыл 60 жыл. Жақында олардың гауһар тойлары өтті. Өткен аптада Жаңақала ауданына барған сапарымызда ұлағатты ұрпақ өсіріп, бүгіндері ұл-қыздары мен немере-жиендерінің құрметіне бөленіп отырған қарияларға арнайы соқтық. Сексеннің сенгірінен асса да, қимылдары ширақ, жүзінен мейірім төгілген қос қария бізді жылы қарсы алып, өмірден көрген-түйгендерімен бөлісті.

Отағасы – Базарғали ата 1939 жылы желтоқсанда Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданында, бұрынғы №13 Қисық қамыс ауылында дүниеге келген. Руы – Беріш. Ал тағдырдың тауқыметін ерте жастан сезінген отанасы Мақтым әже де соғыс жылдарында дүниеге келіп, әкенің мейірімін көрмей, жалғыз қыз болып, ананың қамқорлығында еркелеп бойжеткен.

Базарғали ата – үш ағайындының кенжесі. Жастайынан аға-апасымен бірге анасы мен әжесінің қолында тәрбиеленіп, ерте есейеді. Мектепті үздік аяқтағанымен, отбасылық жағдайға байланысты жоғары оқу орнына бара алмайды. Шаңырақтағы кейуаналарды қамқорлап, еңбекке ерте араласады. «Бірлік» совхозында тракторист болып еңбек жолын бастайды, ұзақ жыл бойы шаруашылықтың үздік механизаторы болады. Кейін аудан орталығына жұмыс ауыстырып, онда көлік жүргізеді.

Жұбайым кітапханада жұмыс істеді. Ол кезде ауылдағы клубта би кештері ұйымдастырылатын. Соған барамыз. Екі жылдай бір-бірімізді зерттеп, зерделеп, 1965 жылы отау құрдық. Екеумізді кітапқа деген сүйіспеншілік табыстырды. Құдай қосқан қосағыммен бес перзент өсіріп, тәрбиеледік – екі ұл, үш қыз. Балаларымыздың төртеуі жоғары білім алды, біреуі орта біліммен қалды. Қазір кіші ұл мен келін қолымызда. Ұл-қыздарымыз бізді сөзге қалдырған жоқ. Әрдайым әрқайсысы еңбегімен қоғамға үлгі болып, бізге тек қуаныш сыйлап келеді, – дейді 86 жасқа келген Базарғали қария.

Қарашаңырақтың береке-бірлігінің ұйытқысы болып отырған қос қария бүгіндері кенже бала-келінімен бірге тұрады. Ұзақ та берекелі ғұмырдың сыры – сыйластық пен сабырда. Бұл отбасыда кейіпкерлеріміз перзенттерін сөзбен емес, іспен тәрбиелеуге ерекше мән берген. Ұл-қыздарын жастайынан еңбекке баулып, өз беттерімен өмір сүруге, айналасына адал болуға, ешкімнің ала жібін аттамауға тәрбиелеген.

Ширақ қимылымен талай жас келінді жолда қалдыратын Мақтым әжейдің жасы – 83-те.

Біздің осы жасқа келіп отырғанымыз – отбасындағы тыныштықтан болар деп ойлаймын. Бір балаң бір жерде құлап жатса, қызың күйеуден қайтып келсе, осы жасқа келіп, деніміз сау болып отырмас едік. Аллаға шүкір, жұбайым да мінезі жайлы болып жолықты. Мен келін болып түскенде үйде екі еннем болды. Жұбайымның алдындағы ағасы небәрі 26 жасында қайтыс болып, артында үш айлық қызы қалған. Кейін жеңгесі тұрмысқа шығып кеткенде сол қыз осы үйде қалған ғой. Мен келгенде сол бүлдіршін 5 жаста еді. Оны да өз тұңғышымыздай өсіріп, өз қолымыздан ұзаттық. Осы ауылда тұрады, балалы-шағалы. Ұзақ жыл шәкірт тәрбиеледі. Қазір зейнеткер. Екі еннем өте тамаша адамдар еді. Бес баламның бесеуін де еннем өсіріп берді. Мен күндіз жұмыста жүремін, кешке қонаққа барамын. Балаларды емізіп, енеме тастап, жүре беретінмін. Қолымызда өскен қыз мені апа, жұбайымды төте деп атағасын балалардың бәрі апа-төте деп кетті. Алғаш рет мені кіші келінім «мама» дегенде «Осы сөзді естідім-ау» деп қуанып, той жасадым. Одан кіші қызымның күйеуі де «мама деп атады. Оған тағы қуандым. Отбасы бақытының сыры неде десек, біз балалардың көзінше, бір-бірімізге дауыс көтеріп көрмеппіз. Жұбайым балаларды қабақпен тәрбиеледі. Ол дастарқан басында отырса, біреуі артық сөйлемейді. Біреуіне де «мынаны былай істе», деп айтқан жоқпыз. Үлкенді сыйлау, жұбайыммен қарым-қатынас, қонақ қарсы алу, бауырлармен араласу, қолындағы барыңды туыстарыңмен бөлісу дегенді олар көріп өсті. Мұның өзі тәрбие, – деп ой бөлісті Мақтым әжей.

Бір шаңырақтың астында ың-шыңсыз 60 жыл өмір сүріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған қариялар бүгінде 15-ке жуық немере-жиен, бірнеше шөбере сүйіп, өз шаңырақтарынан ғана емес, бүкіл әулеттің, бүтіндей ауылдың сый-құрметіне бөленіп отыр. Қонақжай шаңырақ ешкімді жатырқамай, ағайын туыс, көрші-көлемге есігін айқара ашып, төріне шығарып, бар қамқорлығын жасаудан жалыққан емес. Аталас туыстарының балалары да осы шаңырақта оқып, тәрбие алып, үлкен өмірге жолдама алған.

Әкем қарапайым жүргізуші болса да әрдайым кітап, газет-журналды үзбей оқып, балаларына білім мен парасатты басты мұрат етіп келді. Біздің үйден аудандық «Жаңарған өңірі» мен облыстық «Орал өңірі»

газеті үзілген емес. Әкем әлі күнге дейін жергілікті басылымдарға тұрақты түрде жазылады. Біз мектепте оқып жүргенде есеп шығарудан қиналсақ, бірден әкем көмекке келетін. Немерелеріне де дәл солай көмектесті. Әкемнің аттестатында тек бестік бағалар ғана тұр. Жоғары білім алуға мүмкіндік болмағанымен, оның өмірлік сабағы бәрімізге бағыт берді. Ең бастысы – адалдық пен адамдық деп әлі күнге айтып отырады. Анамның қолы ашық, өте мейірімді адам. Өзі үнемшіл, алдын ойлап жүретін, стратег. Бірақ айналамызда жақын-жуық, көрші-көлемде бір дүние жоқ болып қалып жатса, анам үйдегі жаңа затты бере қояды. Тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезінде анам айналасындағылармен барымен бөлісті. Ол үшін түк қиналмайтын. Біз «Апа, өзімізге керек қой» десек, «Ешқашан тартылмаңдар, ессін Алла береді, «Жоқ» деп айтпаңдар, қолдарыңдағы барыңмен бөлісіндер» деп бізді орнымызға қоятын. Қазір ойласам, бұл да даналық екен. Пейілі кең, жүрегі мейірімге толы ата-анамның ауырмай-сырқамай, жұптары жазылмай осы жасқа келгендеріне қуанамын. Алла әке-шешеме ұзақ ғұмыр берсін, – дейді қызы Зәуре Базарғалиқызы.

Өз заманында Базарғали атай қоғам өміріне белсене араласқан жан. 1968 жылы комсомолдар сиезіне қатысып, Ақтөбеде механизаторлардың слетіне барған. Қайда жүрсе де, өзін де, отбасын да адал еңбегімен таныта білді. Қазір сексеннің сенгіріне шыққан Базарғали ата – бау-бақшасын баптап, газет-журналды үзбей оқитын сергек қария. Ал әулеттің алтын тірегіне айналған Мақтым әжей келіндерін қызындай қамқорлап, перзенттеріне бауырмалдық пен қонажайлылықтың үлгісін көрсетіп келеді.

Қазір бәріне шүкіршілік етемін. Ұрпағым – ұйытқым, отбасым – орманым. Артымда ерген немере-шөбере, сыйласты құда-құдағай, ел-жұртпен татуымын. Адал еңбектің, сарқылмас сабыр мен ізетті сыйластықтың нәтижесінде осы күнге жеттік. Ең бастысы – адам баласы отбасында бақытты болуы керек. Сонда ғана қоғам да, ұрпақ та дұрыс бағытта өсіп-өнеді, – дейді Базарғали қария.

Иә, сонау жылдары ауыл клубында вальстен басталған таныстық жұбайларды гауһар тойға жеткізді. Бүгіндері ұрпақ қызығына кенелген қос қария артта қалған алпыс жылға парасат биігінен қарайды. Жұптары жазылмаған жұбайлар әлі күнге жиын-тойлардың гүлі болып келеді. Олар әлі де вальс билейді.

**Гүлжамал КЕНЖЕҒАЛИЕВА,**  
«Орал өңірі»,  
Жаңақала ауданы







# Жергілікті композиторлардың ән кеші

Оралдағы Абай алаңында Қала күніне орай «Әсем өлкем - Ақжайық» атты ән фестивалі өтті. Өнерпаздар жергілікті ақын-композиторлардың шығармаларын орындады.

Ән әуелеген кештің қонақтары ортаға ерекше сән-салтанатпен шақырылды. Көрермен қызыл кілеммен жүріп өткен ақындар мен композиторларға зор қошемет көрсетті. Ақ Жайық атырабын ән-жырға қосқандардың қатарында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының

лауреаты, Батыс Қазақстан облысының құрметті азаматы, ақын Ақұштап Бақтыгереева, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚКО БҚО филиалының төрағасы, әнші-композитор Донедел Қажымов, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Айтқали Нәріков, ҚР Мәдениет



саласының үздігі, әнші-композитор Гүлбаршын Қасиева және басқа 40-тан астам өнер иесі бар.

– «Әсем өлкем - Ақжайық» ән фестивалі – біздің өңірімізден шыққан талантты ақындар мен композиторлардың



Рүстем Бақытжанов

шығармашылығын дәріптейтін ерекше іс-шара. Олардың әндері мен жырлары Ақ Жайығымыздың табиғатын, тарихын, халқының рухын бейнелеп, әр жүрекке отансүйгіштік сезім ұялатады. Осындай шығармашылық кештер жас буынды өнерге, ұлттық құндылықтарға баулиды, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттырады. Барша өнерпазға шабыт, шығармашылық табыс тілеймін. Әсем өлкеміз әрдайым ән мен жырға бөлене берсін! – деді Орал қаласының әкімі Мұрат Байменов. Шаһар басшысы осы кеште шырқалатын әндердің ауторларына естелік сыйлықтар табыс етті. Сонымен қатар Қала күніне және қалалық көрме залының 45 жылдығына арналған «Қылқаламшылар қиялы» суретшілер симпозиу-

мына қатысқан суретшілерді алғысхатпен марапаттады.

Ән фестивалінде сахнаға Жастар мәдениет сарайының «Ғасыр жастары» театры, «Атамекен» халық би ансамблі, «Тұмарым» және «ККК» өнер орталықтарының би ансамбльдері, басқа да өнер ұжымдары шықты. «Құрмет» орденінің иегері, ҚР еңбек сіңірген әртісі Қанатқали Қожақов, мәдениет саласының үздігі Майра Хайдарова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жаңылсын Хасанова және басқа өнерпаздар әннен шашу шашты.

– Жергілікті ақын-композиторлар туған жер, Ақ Жайық туралы әсем әндерді жарыққа шығаруда. Сол әндер киелі сахнада шырқалады. Орал шаһары жыл сайын өркендей берсін. Жас ақын-композиторлар көп болсын. Мұндай іс-шара жас буынға патриоттық сезім сыйлайды, ән өнерін насихаттайды. Сондықтан ән фестивалі жалғасын таба берсін, – деді Ғарифола Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның әншісі, көптеген халықаралық байқаудың жеңімпазы, ҚР Композиторлар одағының мүшесі Марат Сарбөпеев.

**Айна ИМАШЕВА,**  
**Орал қаласы**

## Алаңдағы арқан тартыс

19 қыркүйек күні қаламыздағы тұңғыш Президент алаңында арқан тартыстан «Oral Cup - 2025» атты ашық қалалық турнир өтті. Сайысты Орал қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі ұйымдастырды.

Облысымыздың әр ауданынан және қалалық командалардан құралған бас-аяғы 20 құрама өз араларында кім мықтыны анықтады. Шараның ашылуына Орал қалалық мәслихатының төрағасы Есентай

Қалиев, қалалық мәслихаттың депутаты Азима Губашева, салалық мәдениет және спорт кәсіподақ ұйымының басшысы Айдар Батырханов, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Армат Исанов, спорт ардагері Қамбар-

бек Салимов және жарыстың бас төрешісі Орынбасар Ғылымов арнайы қатысты. Айта кетейік, Қала күніне орай ұйымдастырылған жарысқа Чехия елінен келген делегация қонақ ретінде қатысты.

– Құрметті қала тұрғындары, қадірменді қонақтар! Биыл қаламызда Оралдың туған күніне орай көптеген іс-шара ұйымдастырылуда. Соның бірі – осы өткізіліп жатқан арқан тартыстан қа-

лалық турнир. Арқан тартыс – елімізде кеңінен қарқын алып келе жатқан спорт түрі. Өздеріңіз білетіндей, өңіріміздің атынан шығып жүрген казталовтық «Көктерек» командасы республикалық, әлемдік додаларда жүлделерге ие болып, ел атағын көтеруде үлкен үлес қосып жүр. Баршаңызды айтулы мереке – Қала күнімен құттықтаймын! – деген Есентай Ғиниятұлы жарысқа қатысушы барлық командаға сәттілік пен жеңіс тіледі.

Аудан-ауыл мен қаладан қатысқан білекті жігіттер жеңіс тұғырынан көріну үшін бар күш-жігерін аямады. Тартысқа толы жарыста оқ бойы оза шапқан төрт команда финалдық кездесуге жолдама алды. Олар: «Орал-1», «Бостандық», «Қособа» және «Орал-2» құрамалары. Екі сағаттың шамасына созылған финалдық ойында «Қособа» (Казталов ауданы) командасы «Орал-2» командасын ұтып, жүлделі ІІІ орынға (100 мың теңге) ие болды. Ал чемпиондық кездесуде жанкүйерлерінің қолдауымен «Бостандық» тобы (Казталов) «Орал-1» командасын айқын басымдықпен жеңіп, І орынды (200 мың теңге) қанжығасына байлады. ІІ орын (150

мың теңге) оралдық «Орал-1» құрамасының еншісінде.


Басқа да команда мүшелері әртүрлі аталыммен марапатталып, демеушілер атынан ақшалай сертификаттар табысталды: «Сом білек арқаншы» – Б. Галламов («Теректі», Теректі ауданы) 10000 теңге, «Зіл табан арқаншы» – М. Зильмағамбетов («Батыр» team, ТЖД) 10000 теңге, «Үздік арқаншы» – А. Қадырболат («Орал-2») 10000 теңге, «Жеңіске деген жігері үшін» – А. Сүпүғалиев («Қараоба», Казталов ауданы) 10000 теңге және «Үздік жаттықтырушы» аталымы – А. Казиев («Барыс», Ұлттық ұлан «Батыс» ОҚ «Бүркіт» арнайы жасағы) 10000 теңге.

Марапаттау рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Т. Каюпов, дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Б. Сәбитов, Орал қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы А. Исанов қатысты. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Орал қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің арнайы кубок, диплом, медальдарымен және демеушілер атынан ақшалай сертификаттармен марапатталды.

**Рүстем АВДЕЕВ,**  
**«Орал өңірі»**







# Мерейлі мереке, Керемет кеш

Күздің алтын шуақты сенбісі Орал шаһары үшін айрықша есте қалды. ҚР тұңғыш Президенті алаңына жиналған жұртшылық Қала күні мерекесін кең көлемде атап өтті. Көңілге қуаныш ұялатып, көкке ән қалықтаған бұл күнде жасыл қаламыздың өткені мен бүгінгі биігі, ертеңгі арман-мақсаты тоғысты.

**Аружан БОЛАТБЕКҚЫЗЫ,  
«Орал өңірі»**

Салтанатты кештің шымылдығын Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиевтің құттықтау сөзі түрді. Өңір басшысы қала тұрғындары мен қонақтарын мерекемен құттықтап, Оралдың соңғы жылдардағы қарқынды дамуын, жасыл желекке оранған көшелерін, өркенді құрылыстарын тілге тиек етіп, баршаға игілік пен бірлік тіледі.

Қадірлі жерлестер, ардақты оралдықтар және қала қонақтары! Баршаңызды Орал қаласының мерейлі мерекесі – Қала күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – шаһарымыздың тарихын, бүгінгі мен болашағын тоғыстыратын, қала тұрғындары мен қонақтарын бірлікке бөлейтін ерекше күн. Осы орайда арнайы Ресей, Чехия елдерінен және еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, мерейлі сәтімізге ортақтасып отырған қадірлі меймандарға да ыстық ықыласпен қош келдіңіздер деймін! Сіздердің қатысуларыңыз мерекеміздің мәнін арттырып, қуанышымызды еселей түсуде. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында халықтың әл-ауқатын арттыру, өңірлерді кешенді дамыту – Әділетті Қазақстанның басты ұстанымы екенін атап өтті. Бүгінгі мерекеміз осы саясаттың

жемісін, туған қаламыздағы оң өзгерістерді айқын көрсетіп отыр. Соңғы жылдары Орал қаласында әлеуметтік-экономикалық даму бағытында ауқымды жобалар жүзеге асуда. Қаланың батыс бөлігінде жаңа Ақжайық шағынауданы бой көтеріп, онда 76 көпқабатты тұрғын үй мен 60-тан аса әкімшілік ғимарат салынуда. Биылдың өзінде жүздеген отбасы қоныс тойын тойлайды. Өткен жылы 390 отбасы баспаналы болса, биыл тағы 370 отбасына жаңа пәтер кілті табысталмақ. Сонымен қатар апатты үйлерде тұратын азamatтар мен әлеуметтік қолдауды қажетсінетін жандарға 250-ге жуық пәтер беріледі. Жол-көлік инфрақұрылымы жаңарып, қалада соңғы үш жылда 150 шақырым жол жөнделді. Бұл – қала тұрғындары үшін қолайлы қозғалыс пен қауіпсіздіктің кепілі. Жайық жағалауы, скверлер мен саябақтар жаңғыртылып, тұрғындардың демалысына ыңғайлы алаңдар салынды. Тек соңғы екі жылда 50-ден астам аула абаттандырылды. Жергілікті бюджет есебінен қаладағы 100-ге жуық ескі көпқабатты тұрғын үй жаңартылды. Бұл жұмыстардың нәтижесінде тұрғындардың тұрмыс сапасы артып, қала келбеті айтарлықтай жақсара түсті. Инженерлік инфрақұрылым да назардан тыс қалмады. Жылу магистральдары, кәріз-сорғы стансалары жаңартылып, мыңдаған тұрғын сапалы жылу мен ауыз

сумен қамтылды. Қоғамдық көлік паркі соңғы үш жылда 196 жаңа автобоспен толықты, яғни 75%-ға жаңарды. Қала аумағында биыл 1500 орындық екі жаңа мектеп, көлемі 20 мың шаршы метрді құрайтын 1500 адамға арналған «Жайық арена» заманауи спорт кешені, мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік бейімделуі мен өмір сапасын жақсартуға бағытталған 22 мың шаршы метрлік медициналық-оңалту орталығы ел игілігіне берілді. Міне, мұның барлығы – халқымыздың өмір сапасын жақсартуға бағытталған нақты қадамдар. Бұл жетістіктер, бір жағынан, мемлекетіміздің қолдауы, екінші жағынан, сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесі. Біз бәріміз бір мақсатта – туған өлкемізді көркейту үшін қызмет етіп келеміз. Орал – тарихы терең, болашағы зор, ерекше шаһар. Алдымызда әлі де үлкен жоспарлар, жаңа бастамалар бар. Президентіміздің тапсырмаларына сәйкес өңірімізді дамыту үшін бар күшімізді саламыз, – деді Н.Төреғалиұлы.

Мереке төрінде еңбек пен ізгі істі дәріптейтін дәстүрлі «Жасыл қала» байқауының жеңімпаздары марапатталды. «Үздік бизнес нысан» аталымында «Балзия» ЖШС, «Үздік мүлік иелерінің бірлестігі» аталымын «Жалын» басқару компаниясы, «Үздік аула» аталымын Байтақ көшесі, 4 мекенжайы иеленді.

Жастар арасында өткізілген «Болашақ жұмысшы мамандық иесі» сайысында Орал сервис технологиялық колледжінің студенті Фатима Есбатырқызы үздік шықты. Ал шығармашылық бәйгеде Филипп Лепцов – «Үздік фотосурет», Ақбота Телепова – «Үздік бейнеролик» иегері атанды.

Мерекелік бағдарлама ұлт руханиятының ұлы есімдерімен өрілді. Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы аясында «Желсіз түнде жарық ай» әуені әсем Орал аспанын тербетіп, тыңдарманды терең ойға жетеледі. Сахна төрінде қазақ поэзиясының батыр тұлғасы Жұбан Молдағалиевтің 105 жылдығына арналған әсерлі композициялар көрермен жүре-

гін тебіrentті. «Мен – қазақпын!» деп ұлтының намысын жырға қосқан Жұбан жырларының отаншыл рухы кештің өзегіндей болды. Сонымен бірге Қадыр Мырза Әли поэзиясының көркем әлемі мен Ескендір Хасанғалиев әндерінің мөлдір әуені де мерекенің сәнін арттырды. «Салтанат» би ансамблі мен «Ғасыр жастары» театрының Теміржан Базарбаевтың «Тамаша» композициясын орындауы көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Түнгі аспанға көтерілген отшашу мерекенің көркін асырып, қала халқының шаттыққа толы көңіл күйін айшықтады. Музыка мен поэзия, би мен әуен тоғысқан бұл кеш Оралдың дамылсыз өсіп-өркендеп келе жатқанын паш етіп, әр тұрғынға туған қаласына деген сүйіспеншілікті тағы бір мәрте сезіндірді. Орал – тарихы терең, болашағы жарқын қала. Бірлік пен еңбекті дәріптеген мерекелік кеш жұртшылыққа шаттық сыйлап, әр оралдықтың жүрегінде мақтаныш сезімін жаңғыртты.

## «Тартынбай сөйлер асылмын!»

Таяуда Жастар мәдениет сарайында «Қала күні – 2025» мерекесі аясында IV облыстық оқушылар айтысы өтті. «Тартынбай сөйлер асылмын!» атты өнер додасын Орал қаласы әкімдігінің қолдауымен, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, мәдени-ағарту бірлестігі және «Алтын Орда» балалар мен жасөспірімдер театры ұйымдастырды.



Биылғы айтыс КСРО және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы Жұбан Молдағалиевтің туғанына 105 жыл және ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, халық жазушысы Қадыр Мырза Әлидің 90 жылдығына арналды.

Іс-шараның ашылуында Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Медет Мерғалиев сөз сөйлеп, жас ақындарға сәттілік тілеп, алдағы уақытта айтыстың ауқымы кеңейтілетінін атап өтті.

Қазылар алқасы құрамында халықаралық және республикалық айтыстардың жеңімпаздары Мұрадым Мирланов, Айнабек Бисенғалиев, Елдар Ихсанов бол-

ды. Айтысқа Орал қаласы мен Қаратөбе, Бөрлі аудандарынан келген сегіз оқушы қатысты.

Жас айтыскерлер сөздің майын тамызып, тапқырлық пен терең ойды ұштастыра білді. Елдік пен ерлікті, ұлттық құндылықтар мен қазақ руханиятының қос алыбын жырына арқау еткен жас дарындар сахнаны думанға бөлеп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Мұндай айтыс биыл төртінші рет ұйымдастырылды. Айтыстың басты мақсаты – Ақжайық өңіріндегі айтыс керуенінің үзілмегенін, туы жығылмағанын дәлелдеу. Әр айтыс өткен сайын жаңа таланттар шығып жатыр. Балғын ақындар сахнада қателессе де, оларға кешірімді. Сондай-ақ мұнда алдыңғы буын ағалармен сабақтастық жасап, шығармашылық байланыс орнатуға мүмкіндік бар. Биылғы айтысқа қатысушылардың сегізі де ұл. Сол сәл көңілге тиіп тұр. Болашақта Шолпан, Дарига, Жансая апаларымыздың ізін басатын айтыскер қыздар да шығады деп үміттенеміз, – деді қалалық мәдени ағарту бірлестігіне қарасты «Алтын орда» балалар мен

жасөспірімдер театрының жанынан құрылған «Тастүлек» жас ақындар үйірмесінің жетекшісі, жоба ауторы Орынбек Меңдіқұл.

Айтыс қорытындысында бас жүлдені оралдық жас айтыскер, «Алтын Орда» театры жанындағы «Тастүлек» үйірмесінің тәрбиеленушісі Бекзат Баян жеңіп алды. Бірінші орынға Қаратөбе ауданындағы Мұхит атындағы мектептің оқушысы Досхан Өтепов лайық деп танылды. Екінші орынды Бөрлі ауданы, Ақсай қаласындағы №1 мектептің оқушысы Бекарыс Кәкім иеленсе, үшінші орын қаратөбелік Құдайберген Жалғасовқа бұйырды.

Айтыс өте жоғары деңгейде өтті. Екі айналым айтыс жасадық. Бірінші айналымда қаратөбелік Досхан Өтеповпен, екінші айналымда бөрлілік Бекарыс Кәкіммен айтыстым. Біз айтысты бірге бастағанбыз. Қарсыластарым осал емес. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамын, – дейді бас жүлде иегері оралдық Бекзат Баян.

Айта кету керек, Бақберген Ажығұл, Ернұр Ермекқали, Әлижан Тұрғали және Бақдәулет Шабах арнайы жүлделермен марапатталды.

**Жанерке ҒИНАЯТ,  
Орал қаласы**





## Жол қауіпсіздігі – қоғам үшін басым бағыт

### Халықты жол қауіпсіздігі ережелері туралы ақпараттандыру тұжырымдамасы

Қыркүйек айының басында Қазақстанда жол қозғалысы ережелері туралы халықтың хабардарлығын арттыру және жол-көлік оқиғаларының алдын алу жөніндегі тұжырымдама аясында бір-қатар іс-шара өтті. Бастама 5 пен 60 жас аралығындағы тұрғындарды қамтып, жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыруды мақсат етеді.

Іс-шаралар аясында қазіргі заманғы қозғалыс құралдарына, әсіресе электросамокаттарға ерекше назар аударылды. 2025 жылдан бастап оларды пайдалану бойынша жаңа талаптар күшіне енді: қозғалыс тек веложолдармен жүргізіледі, ал веложол болмаған жағдайда, жолдың оң жақ шетімен немесе тротуармен, сағатына 25 шақырым-

нан аспайтын жылдамдықпен жүруге рұқсат етіледі. Жолаушы тасымалдауға, телефонды пайдалануға және мас күйде басқаруға қатаң тыйым салынады. «Жол қозғалысының әрбір қатысушысы тек өз өмірі үшін ғана емес, айналасындағылардың да қауіпсіздігі үшін жауапты», – деп атап өтті уәкілетті құрылымдардың өкілдері.

Тұжырымдама шеңберінде «Жол – өзара құрмет кеңістігі» деген негізгі ойды насихаттайтын акциялар, дәрістер және әлеуметтік роликтер ұйымдастырылуда. Ережелерді барша болып сақтаған жағдайда ғана жол-көлік оқиғаларының санын азайтып, ең қымбат құндылық – адам өмірін қорғауға мүмкіндік бар.

О. МАКЕЕВА,

РНО InvaGroup медициналық орталығының директоры

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қаласындағы 900 орындық 13-шағын аудандағы №7 мектептің құрылысы (сыртқы инженерлік желілерсіз)» жобасы бойынша көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Ұлттық деректер банкі ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> және «Батыс – Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru> танысуға болады.

Көпшілік талқылау 06.10.2025 ж. мен 10.10.2025 ж. аралығында Ұлттық деректер банкі ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндер аралығында бірыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ, Астана қ., Сығанақ көш, 17/10 үй, тел.: 8 7172 55-83-98.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «SINEKO» ЖК, Орал қ, Астана ш/а, 45 үй, 54 п, тел.: 87772993130.

Порталға сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты – «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, телефоны 8/7112/24-41-11, 24-41-06.



### ЕГЕР СЕН ҚИЫНДЫҚҚА ДУШАР БОЛСАН, ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ КЕРЕК ЕКЕНІН БІЛЕСІҢ БЕ?

✓ ӨЗІНДІ КІНӘЛІ СЕЗІНУ, ЖАЛҒЫЗДЫҚ, ӨЗ-ӨЗІҢЕ КҮМӘНДАНУ СЕЗІМДЕРІ ЖҮІ БАУҚАЛА МА?

✓ СЕНІ ЕШКІМ ТҮСІНБЕУ ЖҮР МЕ?

✓ УАҒЫМЫҢДЫ ЖАЛҒЫЗ ЖӘНЕ АЛМАҒУ ЖҮРСІҢ БЕ?



CALL CENTER  
1301

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
БАҒДАРЛАМА АРНАУЫНДАҒЫ  
БАҒДАРЛАМА АРНАУЫНДАҒЫ

«Урал Ойл энд Газ» ЖШС қоршаған ортаға әсер етуге арналған, экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар топтамасы бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды: 2026 жылға арналған «Урал Ойл энд Газ» ЖШС-ның ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері (РШН) жобасы; 2026 жылға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы жобасы; 2026 жылға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы жобасы; 2026 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары жобасы; «Рожковское кен орнын игеру» жобасы (ҚОҚ бөлімімен); «Рожковское» кен орнын игеру объектілерін салу кезінде бұзылатын жерлерді рекультивациялау жобасы (ҚОҚ бөлімімен); «Рожковское кен орнында У-11, У-24, У-25, У-22 ұңғымаларын консервациядан шығару және қалпына келтіру бойынша топтық жұмыс жобасы» (ҚОҚ бөлімімен).

#### Әсер ету аймағы:

- БҚО, Бәйтерек ауданы, Құрманғазы а. о., Құрманғазы а. (географиялық координаттар 51034'44"N 52004'55"E)
- БҚО, Бәйтерек ауданы, Чиров а. о., Чиров а. (географиялық координаттар 51039'10"N 51058'11"E)
- БҚО, Бәйтерек ауданы, Январцев а. о., Январцев а. (географиялық координаттар 51026'34"N 52014'35"E);
- БҚО, Бәйтерек ауданы, Сұлукөл а. о., Сұлукөл а. (географиялық координаттар 51039'10"N 52010'46"E).

Бастамашы: «Урал Ойл энд Газ» ЖШС, ҚР, Орал қ. С.Есқалиев көшесі, 179 (3 қабат), БСН 020740001948, тел.: 8(7112) 93-33-20.

Орындаушы: «ENBEK GROUP KAZAKHSTAN», ҚР, Орал қ., Кемеңгер 1 көшесі, БСН 080140004515, тел.: 8(7112) 549688, e-mail: info@enbek.com.kz.

#### Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күні, уақыты және орны:

- 2025 жылғы 06 қараша сағат 11:00, БҚО, Бәйтерек ауданы, Құрманғазы а. о., Құрманғазы а., ауылдық клуб ғимараты, Школьная көш., 1;

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 856 1675 6568, қол жеткізу коды: 0000.

- 2025 жылғы 06 қараша сағат 15:00, БҚО, Бәйтерек ауданы, Чиров а. о., Чиров а., Мәдениет үйі, Мирная көш., 61;

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 892 2793 6587, қол жеткізу коды: 0000.

- 2025 жылғы 07 қараша сағат 11:00, БҚО, Бәйтерек ауданы, Январцев а. о., Январцев а., Мәдениет үйі, Советская көш., 56;

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 890 7959 2220, қол жеткізу коды: 0000.

- 2025 жылғы 07 қараша, сағат 15:00 БҚО, Бәйтерек ауданы, Сұлукөл а. о., Сұлукөл а., Мәдениет үйі, Достық көш., 15/1.

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 812 1028 6352, қол жеткізу коды: 0000.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен ndbecology.gov.kz порталда, сондай-ақ «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz сайтына немесе БҚО «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының» tabigat\_zko@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

«Бейбітшілік ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

**Аумағына әсер ету:** Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Бейбітшілік ауылы.

**Географиялық координаттары:** 51°36'13"СЕ, 51°03'34"ШБ.

**Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін жері, күні және басталу уақыты:** БҚО, Бәйтерек ауданы, Бейбітшілік ауылдық округі, Бейбітшілік ауылы, Жеңіс көшесі, 33, («Асан-аул» ЖШС мәдени-спорт кешені ғимараты), 30.10.2025 жыл. сағат 11:00.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

**Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:** «Бейбітшілік ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. БСН 050240007499, Тел.: 8 (705) 8226841.

**Әзірлеуші:** «ENBEK GROUP KAZAKHSTAN» ЖШС. БСН 080140004515, индекс 090000, БҚО, Орал қ., Әбілқайыр хан даңғылы 171/1, 9, тел.: 8(7112)549688, 8(705)7909101, e-mail: info@enbek.com.kz

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/>, Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында танысуға болады.

**Материалдар бойынша қосымша ақпарат:** Эл. пошта: krasnov-akimat@mail.ru, Тел.: 8(705)8226841

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын қабылданады, не болмаса Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы қызметкерлерінің электронды поштасына: tabigat\_zko@mail.ru жіберіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өтіңіз ZOOM:<https://us06web.zoom.us/j/84571430279?pwd=Utbp3ILnFSNaY9KMJvf0buFZUzcqkw.1>

**Конференция идентификаторы:** 845 7143 0279. **Кіру коды:** 0000



Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.  
Бас редактор 51-25-80.  
Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.  
Жауапты хатшы 54-38-22.  
Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.  
Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru  
Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.  
Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.  
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.

А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.  
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.  
Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46  
Индексі: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 8875  
4 баспа табақ, Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: Н. СҰЛТАНОВА, Р. АВДЕЕВ

Кезекші редактор: А. АМАНЖОЛ





## Құттықтаймыз!



Орал қаласының тұрғыны, адал жар, ибалы келін, асыл ана, ұлағатты ұстаз  
**Әлия Жақсыбайқызы САПАРОВАНЫ** мерейлі 50 жасымен құттықтаймыз!

Ойға алған орындалып арманың,  
Аман болсын қасыңдағы жан-жарың.  
Қос перзентің тірегің ғой расында,  
Ұзағынан жарылқасын қасыңда.

Игі тілекпен: Сапаровтар әулеті



Биыл «Ақ бидай» ауыл спорт ойындары Алматы облысының Талғар ауданында ұйымдастырылды.

Түгелбай БИСЕН,  
«Орал өңірі»

М. ТӘЖҚҰРАНОВ

Батыс Қазақстан облысының намысты жігіттері мен қайсар қыздары бұл жарысқа тыңғылықты дайындықпен келді. «Төрт жыл бұрынғы көрсеткішті қайталау бізге сын!» – деді БҚО спорт басқармасының басшысы. Сын айтылды, мақсат қойылды. Ал мақсат – үздік бестікке ену. Бірақ құр ұранмен жеңіс келмейді. Бұл жолғы дайындық жылдағыдан өзгеше болды.

Алдымен, облыстық деңгейде іріктеу өтті. Ел ішіндегі елеусіз жүрген ерлер танылды, таланттар тобынан топ жарғандар таңдалды. Олар арнайы оқу-жаттығу жиындарына жіберілді. Мысалы, құсбегі елордаға аттанып, еліміздің маңдайалды құсбегілерімен бірге жаттықты. Аударыспақшылар болса, Жамбылдың жампоздарымен жаттықты. Волейбол, футбол, көкпар – қай спорт түрі болмасын, облыс спортшылары жан-жақты қамтылды. Жағдай жасалды. Жарысқа санаулы күн қалғанда 200-ден астам спортшы басынан бақайшағына дейін спорттық киіммен қамтылды. Журналистер де солармен бірге сап түзеді – бәрі бір команда!

Сонымен, қыркүйектің он бірі. Спортшылар Талғар төрінде бас қосты. Алғашқы болып алаңға бәйгеге шапқандар мен бүркітін самғатқандар шықты. Артынша волейболшылар мен футболшылар, көкпаршылар тартысты бастады. Алайда әуедоп шеберлері де, көкпар тарландары да алғашқы кездесулерінде ұтылып қалды. Аяқдопшылар да алаңнан еңсесі түсіп шықты. Бірақ намысты қолдан бермеуге бекінген аударыспақшылар атойлап ортаға шықты да жүлде алды. Бекзат Мұсаев алтынды мойнына тақты. Азат Қабалхайыр күмісті қанжығалады. Асуан Құсайынов тағы бір күміс әкелді. Ал бәйгеге шапқан жігіттер жүлдеге ілікпегенімен, жалпы есепте үздік үштікке енді. Бүркітші де үздік бестікті түйіндеді. Яғни жеңіс болмаса да, үміт бар, өрлеу бар!

«Ақ бидай» – ауыл спортының асқақ рухын, қазақтың қайсар баласын, тер төгіп, тас жарып шыққандарды танытатын дода. Бұл жерде ешкімге жеңіс жайдан-жай бұйырмайды. Жүлде тек жанын салғанға, медаль маңдай терін төккенге ғана тиеді. Дәл солай болды. Кешенді бәсекенің қайнаған екінші күні басталды.

Асық ату мен бес асық – қазақтың тектілігімен қатар, ой ұшқырлығын, қол дәлдігін сынайтын

## «АҚ БИДАЙ – 2025»: БҚО командасы қолаға ие болды



ұлттық спорт. Алайда осы жолы сәттілік серік болмады. Асықшылар ұпай жинай алмады. Бес асықта да командалық нәтиже көңіл көншітпеді. Бірақ бір жүлде жанды! Жалғыз өзі жүлде алып, бүкіл облыстың абыройын арттырған – Мәриям Әлиева. Жарысқа жөргектегі сәбиін арқалап келген ардақты ана бес асықтың шебері екендігін дәлелдеп, жекелей сында жеңімпаз атанды. Мұны ерлік демей көр!

Десе де, жарыстың екінші күні Батыс Қазақстан командасына серпіліс сыйлады. Сол волейболшылар мен шағын футболшылар топтық кезеңнен сүрінбей өтті.

Аударыспақ алаңында да ат дүбірі басыла қоймады. Бақтияр Ерболат пен Бекарыс Бейбітұлы қола, Рүстем Қойбағаров күміс, Қайнар Құсмағұлов алтын алып, облыс қоржынын қомпайтты.

Теңге ілуде тақымы мықты Мейрамбек Шияз да, ат үстінде келе жатып, жамбы атқан Айдос Мұқанов та күміспен күптелді.

Аламанның қызған шағы – бәсекенің бел ортасы. Бұл күндері жекпе-жек пен кикбоксинг шеберлері шаршы алаңға шықты. Сегізбұрышта сес көрсетіп, қарсыласын сұлатқан үш мықты – Әлихан Тілегенұлы, Нұр Селім, Нұрәділ Бұсырманов қола жүлде иеленді. Ал кикбоксан сынға түскен Дархан Оңғарбаев күміспен оралды.

Үстел теннисі алаңында да жігіттер мен қыздар бақ сынады. Қыздар командасы топтан шықты. Ерлер, өкінішке қарай, жолда қалды. Бірақ бұл да бір сабақ. Додада дара шыққан тағы бір спортшы – Әйбек Уәли. Ол жекпе-жек сайысында финалға дейін жетіп, күміс медаль алды. Батыс Қазақстан құрамасы жеңіс пен жеңіліс дәмін алма-кезек татса да, жігері жасыған жоқ. Алда әлі бірнеше күн, талай жарыс бар еді.

Уақыт, шіркін, жүйрік қой. Бір қарасаң, дүбірі жаңа басталған аламан сияқты еді. Енді қарасаң, мәреге таяп қалды. Бірақ Жайық бойының жігіттері мен қыздарына бұл күндер тек күнтізбенің парағы ғана емес, әр күні – та-

рихтың жазбасы, намыстың дәптеріндей болды.

Жарыс ортасынан асқанда алаңның көркіне айналған волейболшылар жартылай финал жолдамасын сарапқа салды. Қызылорданың әуедоп шеберлерімен айқас оңайға соққан жоқ. Бірақ батыстың жігіттерінің алаңдағы айбаты мен асқан ұйымшылдығы жеңісті жұлып әкетті. Әуедоп көкке көтерілген сайын, үміт те биіктей берді! Алайда дәл осы күні қуаныштың шырағын дәстүрлі садақшылар жақты. «Пута» стилінде Мұрат Лұқпанов алтын алды. Артынша Сырлыбай Ғалымжанов нысанадан мұлт кетпей, күміс медаль иеленді. Тіпті жүлдеге іліге алмаған мергендердің өзі құрама қоржынына қомақты ұпай салды. Бұл – командалық рухтың көрінісі!

Садақшылар ертеңіне де бабында болды. «Орта Азия» стилінде Оразай Қайырсапин – алтын, Закира Жолсарина – күміс алып, елдің еңсесін тіктеді. Ал дәл осы күні аяқдопшылар да елдің делебесін қоздырды.

Жартылай финал жолдамасы үшін Қызылорданың футболшыларымен кездесу. Бірінші тайм – тең. Екінші тайм – тең.

Сөйтіп, кезек пенальтиге келді. Міне, осы жерде жеңіс!

Жарыстың соңғы күндері. Бәсеке сиреді. Бірақ медаль сиреген жоқ.

Бозкілемнің шаңын бүрк еткізген қазақ күресінің білекті балуан-

дары – Мейірім Айғали – алтын, Нұрсұлтан Мырзахметов – күміс, Мерей Бердіғали қола иеленді. Бұл палуандар ата күрестің абыройын аспандатты.

Жарыстың ақырғы күндері. Қызық та, шыжық та артта қалған секілді көрінді. Бірақ палуандар әлі де медальға таласуда. Соңғы сәтте бозкілемге шыққан Тайман Нұрғалиев те қарсыласын қапы қалдырып, «Ақ бидай» ойындарының чемпионы атанды.

Биылғы дүбір Батыс Қазақстан жұрты үшін тарих болып таңбалана сәтпен түйінделді. Он күн. Ой мен қимыл, тыныс пен тартыс, жеңіс пен жеңіліс – бәрі де осы он күнге сыйып тұр. Жарыстың соңғы сәттері де біздің спортшылар үшін жаңалыққа, жеңіске толы болды. Алдымен алаңға шыққан – аяқдопшылар. Қола жүлде үшін айқас оңай олжа емес. Қарсылас Ағыраудың жігіттері. Матчта екі жақ бір-бірінің осал тұсын іздегенмен, басымдық біздің жігіттерге бұйырды. Есеп – 3:2.

Қола біздің қолда!

Кейін волейболшылар да шешуші ойынға шықты. Қарсыластар Ақмола облысы командасы. Жігіттер барын салды, Бірақ... доп кейде «дос» болмайды. Жеңіліс. Осылайша волейболшылар төртінші орынды місе тұтты.

Гір көтеру. Темірді жанына серік еткен Виталий Бырко. Қарапайым, бірақ қайратты жігіт. Құрама қоржынына қола салды. Әр

ұпай алтынға татып тұрған күні Виталийдің қоласы алтынға татитын жетістік.

Шешуші жарыс күні шын ерлікті тоғызқұмалақшылар көрсетті. Ақылдың ойыны, қазақтың даналық дінгегі болған бұл спорт түрінен қос алтын, бір күміс иеленді. Бектас Кенжеғалиев пен Қарақат Сәлімғали – алтын, Ақбота Қоңырова – күміс жүлде алды.

Он күн бойғы команданың жекелей жетістіктері ұжымдық абыройға айналды.

**Дәстүрлі садақ ату** (ерлер) – алтын,

**Аударыспақ** (ерлер) – күміс, Бәйге, жекпе-жек, дәстүрлі садақ ату (әйелдер), қазақ күресі – қола,

**Тоғызқұмалақ** (қыздар құрама) – күміс.

**Жалпы қорытынды:** 385 ұпай. Ал бұл – жалпыкомандалық үшінші орын.

Бұл – жай ғана сандардың тізбегі емес. Бұл – тердің, төзімнің, тәрбиенің жемісі. Бұл – ауылда басталып, аламанға ұласқан жүйелі жұмыстың нәтижесі. Бұл – тарих! Иә, Батыс Қазақстан үшін «Ақ бидай» ойындарындағы ең жоғарғы көрсеткіш.

Сейдахметше айтсақ: «Жеңіс – қайсарлықтың көктемі. Ол күзде келеді, алайда жыл бойғы еңбекпен суарылады». Расымен де, солай екен.

Алатау баурайындағы жеңіс осы кезге дейін атқарылған жүйелі жұмыстың нәтижесі. Енді елге оралатын кез. Спортшылардың мойнында – медаль, көңілде – қуаныш. Көкіректе – мақтаныш. «Ақ бидай» тек жүлдегер жеңімпаздардың абыройы емес, ауыл спортшыларының жеңісі.

Осылайша аламан мәресіне жетті. Келесі кезең басқа өңірде өтеді. Кездескенше, «Ақ бидай!»

